

Төлен
ТІЛЕУБАЙАРАБ ӘЛЕМІНДЕГІ
БАСТЫ СЕРІКТЕСІМІЗ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Qasr Al Shatie сарайында Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен кездесті. Мемлекет басшысы көрсеткен сый-құрметі мен қонақжайлығы үшін БАӘ Президентіне ризашылығын жеткізіп, «Абу Дабидің орнықты даму апталығының» сәтті өтуіне тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен Абу Дабиде және Дубайда өткен кездесулерді ықыласпен еске алып, келіссөздер нәтижесі екіжақты қатынастарға тың серпін бергеніне әрі ықпалдас-тықтың жаңа бағыттарына жол ашқанына назар аударды.

«БАӘ – біздің араб әлеміндегі басты серіктесіміз. Елдеріміздің игілігі үшін екіжақты және көпжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша тығыз ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Мен достық, өзара сенім мен құрметке негізделген стратегиялық серіктестігімізді нығайтуға Сіздің қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймын. Аса Мәртебелі Президент мырза, Сізді өз елімде құшақ жая қарсы алуға дайынмын. Қазақстанға жасайтын сапарыңыз екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың жаңа кезеңіне бастау болатынына сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

Президент бүгінде БАӘ еліміздің экономикасына қаржы құйған он ірі шетелдік инвестордың қатарына кіретінін атап өтті. «Былтыр БАӘ-ден келген тікелей инвестиция көлемі екі есеге ұлғайды. Абу Дабидегі кездесу барысында біз тауар айналымын 1 миллиард долларға жеткіземіз деп мақсат қойдық. Екі ел үкіметтері сауда-саттықты оң қарқынды қалыптастыру үшін нақты экономикалық күн тәртібіне мән бергені жөн. Стратегиялық инвестициялық жобаларды құру туралы бірлескен декларацияны жүзеге асыруға Сіздің тарапыңыздан қолдау көрсетіледі деп сенеміз. Бұл құжат аясында Әмірліктердің компанияларымен көлік-логистика, энергетика, қаржы, туризм және басқа да көптеген салада белсенді ынтымақтастық жүргізіп келеміз. Бұл серіктестік елдеріміздің өсіп-өркендеуіне септігін тигізеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитіне қатысуға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ екі елдің ынтымақтастығын жоғары бағалап, Қазақстанмен арадағы саяси диалог пен экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтудің және бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды толық жүзеге



СЕНІМ МЕН ҚҰРМЕТТЕН ҚҰРАЛҒАН СЕРІКТЕСТІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитінің жұмысына қатысу үшін Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапарымен барды. Мемлекет басшысын Абу Дабиде әуежайынан БАӘ Вице-президенті шейх Мансұр бен Заид Әл Нахаян және басқа да ресми тұлғалар күтіп алды. Қазақстан Президенті БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді. Сондай-ақ осы елдің іскер топтары өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді.

асырудың маңызына тоқталды. БАӘ Президенті Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы байланыс 2025 жылы өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп, екі елдің дамуы мен өркендеуіне ықпал ететініне сенім білдірді. Ол халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен орнықты дамуға өзекті мәселелерді шешуде Астананың үлесі зор деп санайды.

ТҮЙТКІЛДЕРДІ ШЕШУДІҢ ҮШ СТРАТЕГИЯСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абу Дабидің орнықты даму апталығының» ашылу салтанатына және орнықты даму саласындағы Zayed Sustainability Prize сыйлығын тапсыру рәсіміне қатысты. Іс-шараға қатысушылар қатарында Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Эзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Руанда Президенті Поль Кагама, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагим, Жаңа Зеландия Премьер-министрі Кристофер Лаксон, Финляндия Премьер-министрі Петтери Орпо, сондай-ақ саясаткерлер, қайта жаңартылатын энергия көздері, технологиялық даму

және инновация салаларындағы көшбасшылар, инвесторлар мен кәсіпкерлер бар.

«Абу Дабидің орнықты даму апталығы» (ADSW) – орнықты даму және климат өзгерісіне қарсы күрес мәселелеріне арналған жетекші жаһандық алаңдардың бірі. Жыныс жасыл технология мен энергияның қайта жаңартылатын көздеріне инвестиция салуды ынталандыруға, БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарына жету үшін инновациялық шешімдер іздеуге бағытталған. Биыл форум «Болашақпен байланыс: Орнықты дамуды жеделдету» (The Nexus of Next. Supercharging Sustainable Progress) тақырыбында өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитіне қатысты. Жыныс орнықты дамудың жаһандық сын-қатерлерін талқылау үшін әлем көшбасшылары мен сарапшылар келді. Мемлекет басшысы саммитте бірінші болып сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлем климаттың өзгеруі, қуаңшылық, биоалуантүрліліктің жойылуы, су тапшылығы және азық-түлік қауіпсіздігі секілді аса өзекті проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап

өтті. Геосаяси шиеленіс пен жеткізу тізбегінің бұзылуына байланысты бұл жағдай одан сайын ушыға түсті.

Президент Қазақстанның аталған түйткілдерді үш басты бағытқа, атап айтқанда, цифрландыру мен жасанды интеллект, ірі инфрақұрылымдық жобалар және ядролық энергетика салаларына негізделген стратегия арқылы шешуге ниетті екенін жеткізді. «Бүкіл әлем бойынша парниктік газ шығарындарының 75 пайызы энергетикалық жүйелерге тиесілі. Биоалуантүрліліктің 10 пайызы соның салдарынан жойылады. Осы тұрғыдан алғанда, Masdar, Total, Epi сияқты халықаралық серіктестердің Қазақстанда жалпы қуаты 43 ГВт болатын жасыл энергетика жобаларын жүзеге асыруға міндеттеме алуының мәні зор. Еліміздегі алғашқы атом электр станциясының құрылысы отандық энергетика саласын орнықты дамуға бағытындағы елеулі қадам болмақ. Бұл бастама жалпыұлттық референдумда қолдау тапқан. Сонымен қатар Қазақстан әлемдік нарыққа аса маңызды шикізат түрлерін жеткізуге ұмтылып отыр. Ауаға тарайтын көміртегі мөлшерін азайту жөніндегі жаһандық

мақсатты орындау үшін бұл материалдар өте қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАСТЫ СЫН-ҚАТЕР – ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ

Бұдан соң Президент көлік инфрақұрылымының маңызына тоқталды. «Еуразия құрлығындағы жетекші транзиттік торапқа айналған біздің ел үшін орнықты дамудың тағы бір маңызды алғышарты – көлік және транзит саласы. Біз көлік инфрақұрылымына, атап айтқанда, автомобиль және теміржолдарының, әуежайлар мен теңіз айлақтарының құрылысына инвестиция салуды белсенді түрде қолға алдық. Байланыс мүмкіндіктерінің аясын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағыты мен Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізін дамытуға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасында елеулі рөл атқаруға ниетті. Мақсатымыз – өңіраралық қатынастарды нығайтып қана қоймай, орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыру, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаһандық жылыну – Орталық Азия үшін басты сын-қатердің бірі. «Жылыну үдерісінің үдей түсуі экожүйелерге, тұрмыс-тіршілікке және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Сол себепті тез арада климатқа бейімделу стратегиясы қажет. Сондай-ақ біздің өңір трансшекаралық өзендерге тәуелді. Сондықтан бізге ерте ескерту жүйесін құрып, су және

жер ресурстарын басқару ісін жетілдіру керек. Бұл ретте су үнемдеу технологияларына инвестиция салып, ирригация жүйелерін жаңғыртуға тиіспіз. Су ресурстарын тиімді басқару келісімдеріне қол жеткізіп, жасанды интеллекттің, жерсерік арқылы мониторингтің және басқа да цифрлық құралдардың көмегіне жүгінгеніміз жөн» деді Қазақстан Президенті.

ӘЛЕМГЕ ЖАҢА ДАМУ ПАРАДИГМАСЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне баса назар аударып, күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселенің бірі ретінде атады. «Әлемдік нарықты азық-түлік өнімдерімен және тыңайтқыштармен тұрақты қамтамасыз ету үшін инновациялық тәсілдер қажет. Қазақстан халықаралық нарыққа мол көлемде бидай мен ұн экспорттайтын ел ретінде орнықты ауыл шаруашылығының әдістері мен технологияларын одан әрі жетілдіруді көздейді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аталған сын-қатерлерге төтеп беру үшін әлемге жаңа даму парадигмасы керек. Ол орнықтылық, әділдік пен тұрақтылық ұғымдарына негізделуге тиіс. Жаһандық проблемаларды үш маңызды қағидатқа арқа сүйеген біртұтас жүйе арқылы шешуге болады. «Бірінші, «жасыл» қаржыландырудың қолжетімділігі. Оның көлемі елеулі түрде ұлғаюға тиіс. Екінші, технология трансферті, техникалық қолдау және ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың аясын кеңейту. Күн энергиясы, «ақылды» ауыл шаруашылығы, көміртегі сүзгісі және жасанды интеллект негізіндегі климаттық технологиялар әртүрлі инновациялық шешімдер ұсынады. Үшінші, климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі басымдықтардың, экономикалық даму мен жасанды интеллекттің синергиялық ықпалдасуы. 2030 жылға қарай жаһандық ішкі жалпы өнімнің 16 пайыздан астамын осы үш бағыттың өзара үйлесімі қамтамасыз етуі мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды: мемлекеттер орнықты даму саласындағы түрлі мақсаттарға барынша икемді әрі дербес тәсіл қолданғаны дұрыс» деді Мемлекет басшысы.

Президент сөз соңында аталған саммит орнықты даму саласындағы алдағы онжылдықтарға арналған басымдықтарды айқындап, әрекеттерді үйлестіретін маңызды алаңға айналуына тілектестік білдірді. Саммитте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Руанда Президенті Поль Кагама, Финляндия Премьер-министрі Петтери Орпо, Малайзия Премьер-министрі Ануар Ибрагим, Халықаралық табиғатты қорғау одағының президенті Разан Әл Мубарак және басқалар сөз сөйледі.

САЛА САРАПШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары барысында сарапшылармен жасанды интеллектті (ЖИ) дамуы мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы ЖИ қазіргі замандағы прогрестің ең басты қозғаушы күштерінің бірі саналатынын әрі экономиканы түбегейлі өзгерте алатынын атап өтті. «Қазақстанда жасанды интеллектті ілгерілетуге берік негіз қалау үшін маңызды қадамдар жасалып жатыр. Институционалдық орта қалыптастыруға, инфрақұрылым мен адам капиталын дамытуға баса мән беріліп отыр. Институционалдық құрылым аясында Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес құрылады. Оған өзін жетекшілік

жасаймын. Бұл кеңес әлемдік деңгейдегі сарапшылармен диалог жүргізіп, пікір алмасатын стратегиялық алаңға айналады. ЖИ саласындағы ұлттық саясатқа қатысты ұсынымдар әзірлеп, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында оның жұмысына инженерлер, зерттеушілер мен кәсіпкерлер кеңінен тартылады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ЖИ саласына жоғары санатты маман даярлау және қолдау ісіне айрықша басымдық беріп отырғанына тоқталды. Президенттің айтуынша, ЖИ-дің қолда-

нысқа табысты енуі осындай технологияларды әзірлейтін және пайдаланатын адамдардың біліктілігі мен тәжірибесіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы елімізде AlemAI озық технологиялар орталығы құрылғанын мәлімдеді. Орталық әлемдегі үздік тәжірибелерді игеріп, инновациялық шешімдердің енгізілуіне ықпал етеді. Президент жасанды интеллектке байланысты бастамаларды жүзеге асыратын хабта мектептерге, университеттерге және кәсіби даярлық орталықтарына арналған білім беру бағдарламалары жасақалатынын айтты. Сондай-ақ онда зерттеушілерге, стартаптар мен компанияларға арналған кеңселер, тәжірибе алмасу алаңдары орналасады.

– Біз ЖИ саласындағы адам капиталын дамыту мақсатында AI-Sana деп аталатын инновациялық білім беру бағдарламасын жасадық. Бағдарлама түрлі сала мамандарының пәнаралық даярлығын қамтамасыз етеді және ЖИ-ге қатысты озық шешімдерді әзірлеуге септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Қазақстан жаһандық жасанды интеллект эконожүйесінің белсенді мүшесі болуға ұмтылатынын жеткізді. Сонымен қатар кездесуге қатысушыларды ғылыми зерттеуден бастап этикалық стандарттарды бекітуге дейінгі сан салалы жұмысқа атсалысуға шақырды.

Жыныс Polynome компаниясының негізін қалаушы Александр Ханин, G42

компаниясының жасанды интеллект жөніндегі бас директоры Джексон Эндрю, Абу Дабидегі Халифа ғылым және технология университетінің профессоры Дебба Меруан, БҰҰ-ның «Игілікке арналған ЖИ» бастамасы атқарушы кеңесінің төрағасы Әл Мазруи Әбтасам, Core42 компаниясының мемлекет істері және серіктестік жөніндегі директоры Әл Каисси Талал, Мұхаммед бен Заид атындағы Жасанды интеллект университетінің ректоры және профессоры Тимати Болдуин, Saal.ai компаниясының жасанды интеллект бөлімінің жетекшісі Абдулнаби Абрар, Mubadala Investment Company венчурлық жобалар және даму бөлімінің жетекшісі Әл Мазруи Фарис Сухейл қатысып, пікір білдірді.

СҰРАНЫСҚА САЙ БАЛАБАҚШАЛАР КӨБЕЙЕДІ

Астана қаласында халық саны жыл сайын шамамен 25 мың балаға артып отырады, бұл мектепке дейінгі мекемелерге деген жоғары сұранысты туындатады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлімдеді.



Астана қаласы мәслихатының төрағасының айтуынша, 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша балабақша кезегінде: 0-6 жас аралығындағы 48 946 бала; 2-6 жас аралығындағы 25 586 бала тіркелген.

– Бұл мәселені шешу мақсатында 2029 жылға дейін 60 балабақша салу жоспарланған. Қазіргі уақытта 5 балабақшаның құрылысы жүріп жатыр, олардың: 2-еуі 2025 жылдың басында ашылады (Нұра ауданында Әйтеке би көшесінде және Есіл ауданында «Пригородный» тұрғын үй алабында). Қалған 3-еуі 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі (Алматы ауданында, А123 көшесі; «Ильинка» тұрғын үй алабында, Сырым батыр және Қожаберген жырау көшелері; Нұра ауданында, Ұлы Дала даңғылы «Элингтон» тұрғын үй кешенінде), – деп жазды Е.Каналимов.

Сонымен қатар 2026 жылға дейін жекеменшік инвестициялар есебінен қосымша 4 880 орынға арналған 20 балабақша салу жоспарланған. Жүктемені азайту мақсатында жыл сайын жекеменшік балабақшаларға 10 317 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылады. Соңғы екі жылда осындай тәсілмен 20 634 орын ашылды.

«JOLTAP» ЖОЛҒА САЛАДЫ

Әлеуметтік «JOLTAP» жобасы аясында кез келген азамат сұранысқа ие мамандықтарды тегін меңгеріп, жеке ісін бастауға, жұмысқа орналасуға немесе мемлекеттік қолдаудың 52 шарасы бойынша жан-жақты кеңес алуға мүмкіндік алады.

– Бүгінгі күнге дейін 5,6 мыңнан астам қала тұрғыны оқуды сәтті аяқтады, ал 3,2 мыңнан астамы жұмысқа орналасты, қашықтан еңбек етуді бастады немесе өз кәсібін ашты. Жоба аясында 8 негізгі жұмысшы мамандығы бойынша оқыту қарастырылған: тігінші, модельер-конструктор, бухгалтерлік есеп негіздері, корпустық жиһаз жасау шебері, сатушы-кассир, электрғаздөнекерлеуші, бариста және аяқ киім жөндеу шебері, – дейді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Жобаны «JUMYSTAP» сервис платформасы толықтырады. Ол жұмыс іздеушілерді жұмыс берушілермен және тапсырыс берушілермен байланыстырады. Модульдік пункттердің қызметі ХҚКО қағидаты бойынша ұйымдастырылған, бұл қызметтердің қолжетімділігі мен жеделдігін қамтамасыз етеді. Пункттер дүйсенбіден сенбі-



ге дейін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді және қаланың негізгі орындарында орналасқан: «Жастар»

сарайы, «Ailand» COO, «Встреча» сауда үйі, «Азия Парк» COO және «Тұлпар» сауда орталығы.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТІ ДАМУДА

Төтенше жағдайлар қызметін дамыту жөніндегі Кешенді жоспар аясында, Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты алдағы үш жылға бекіткен бағдарлама шеңберінде, Төтенше жағдайлар департаменті бөлімшелерінің инфрақұрылымын жетілдіру және жабдықтау жұмыстары жалғасуда.



– Маңызды қадамдардың бірі – Қордай көшесі, 95 мекенжайында орналасқан №23 өрт сөндіру депосының құрылысын аяқтау болды. Сондай-ақ «Тельман» тұрғын үй алабында өрт сөндіру депосын салуға арналған жобалық сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. «Интернациональный» тұрғын үй алабындағы өрт сөндіру депосының құрылысына қатысты жобалық құжаттама сараптамадан өтуде, – дейді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

2024 жылы қалалық мәслихат депутаттарының қолдауымен 800 арнайы киім жиынтығы сатып алынды, ал 2025 жылы еуропалық өндірістен тағы 100 арнайы киім жиынтығын жеткізу жоспарланған. Сонымен қатар, өткен жылы депутаттық корпусының қолдауымен 33 бірлік арнайы техника және 2 ұшқышсыз ұшу аппараты сатып алынды. Бұл жабдықтар өртті жедел сөндіру мен қызмет тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Астана қаласының мәдениет саласында 2 мыңнан астам адам еңбек етеді. Осы саланы дамыту жұмыстары келесі 3 жылда Астана қаласы әкімдігі мен мәслихаты бекіткен 59 негізгі бағытты қамтиды.

ЕЛОРДА МӘДЕНИЕТІ АЛҒА БАСАДЫ

– Маңызды қадамдардың бірі – инновациялық технологияларды енгізу. Қазірдің өзінде Астана қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» кітапханаларындағы кітап қорларын есепке алу және инвентаризациялау процесін оңтайландыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған «RFID» жүйесін сатып алу үшін бюджеттік өтінім жасалды, – дейді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, құрылғыларды

сатып алуға қаржы бөлінді, олардың қатарында акустикалық дыбыстық студия «Lite-базалық», сандық үлкейткіш «CONNECT 12» және оқу құралы «Orbit Reader 20» бар. Бұл құрылғылар қозғалысы шектеулі азаматтар үшін оқыту және демалыс мүмкіндіктерін кеңейтеді. «Астана Инновациялар» АҚ-мен бірлесіп сатып алу үшін бюджеттік өтінім жасалды, – дейді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.



БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ

Астанада оқушылар арасында математика, физика және информатика пәндері бойынша XXI халықаралық Жаутіков олимпиадасы өтуде. Олимпиадада әлемнің 15 елінен 700-ге жуық оқушы бақ сынады.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Оқу-ағарту министрлігі, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және Республикалық физика-математика мектебі бірлесіп ұйымдастырған олимпиада бес күнге созылады. Олимпиаданың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева дарынды жастарды анықтау мен қолдауда мұндай олимпиадалар оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға ғана емес, Қазақстандағы білім берудің мәртебесін арттыруға да ықпал ететініне сенім білдірді. Іс-шараның ашылу салтанатына сондай-ақ Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен

және бірқатар елшіліктердің өкілдері қатысты.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ғаждембек Тұрсынновтың айтуынша, оқушылар Республикалық физика-математика мектебі мен Astana IT университетінің аудиторияларында теориялық және практикалық кезеңдер барысында өз білімдері мен дағдыларын көрсетеді.

Қазылар алқасының төрағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Асқар Жұмаділдаев болады. Өз сөзінде академик Жаутіков олимпиадасы әр елдің ең қабілетті оқушылары арасында білім, тәжірибе және идеялар алмасатын бірегей алаң екенін атады.



ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ТҮСІНДІРЕДІ

Астананың 6 ауданында ваучерлік қаржыландыру бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін консультативтік пункттер жұмыс істейді.

Консультациялық пункттер кешкі сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс 13:00-ден 14:00-ге дейін. Олар мына мекенжайларда орналасқан:

* Алматы ауданы: Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Б.Момышұлы даңғылы, 5.

* Байқоңыр ауданы: №8 мектеп-лицей, С.Сейфуллин көшесі, 50.

* Есіл ауданы: Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, Д.Қонаев көшесі, 33/1.

* Нұра ауданы: №79 мектеп-лицейі, М.Нәрікбаев көшесі, 3.

* Сарыарқа ауданы: М.Өтемісов атындағы «Оқушылар сарайы», Ә.Мәмбетов көшесі, 1.

* Сарайшық ауданы: №93 мектеп-лицейі, Ж.Нәжімеденов көшесі, 24.

Төлен
ТІЛЕУБАЙҰЛТТЫҚ ДАМУ
ИНСТИТУТЫ
НЕ ІСТЕЙДІ?

1 қаңтардан бастап «Отбасы банк» ұлттық даму институты ретінде қызмет көрсетуге кірісті. Банк баспана кезегін жүргізіп қана қоймай, тұрғын үймен қамтамасыз ету іс-шараларын жүзеге асырады. Осы мақсатпен қаржы институты негізінде тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы құрылып, оған баспана кезегі, яғни бірыңғай республикалық электронды база берілді. Сондай-ақ «Отбасы банк» жүргізетін «Наурыз» ипотекалық бағдарламасына өзгеріс енгізілді. Осыған сәйкес, бағдарламаға қатысушы салымшының есепшотында кем дегенде 1 млн теңге емес, 2 млн теңге болуы шарт. Осылайша, минималды жинақтың сомасы екі есеге артып отыр. Баспана порталында дайын пәтерлерді ипотекаға рәсімдеуге мүмкіндік болады. Ал алғашқы жарна пәтер бағасының 10 пайызын құрайды.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ
ШАРТЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

2025 жылы бұл бағдарламаны қаржыландырудың жылдық көлемі 100 миллиард теңгеге дейін артады. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап «7-20-25» бағдарламасы бойынша қарыз алушы мен оның жұбайының соңғы 18 айда жеке меншігінде тұрғын үй болмауы туралы талаптар енгізіледі. Бірақ бұл талапқа әр отбасы мүшесіне 15 шаршы метрден аз пайдалы алаңы бар жатақханалардағы бөлмелер және апатты тұрғын үйлер жатпайды.

2025 жылдың екінші жартысында «Ұмай» ипотекасы іске қосылады. «Отбасы банк» бұл бағдарламаның пайыздық мөлшерлемесін барынша төмендетуді мақсат етіп отыр, бастапқы жарна 20%-ға дейін сақталады, сондай-ақ бастапқы және екінші нарықтан тұрғын үй алу мүмкіндігі сақталады. Жұмыс істейтін әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекасы 2021-2023 жылдар аралығында істеп тұрды. Пайыздық мөлшерлемесі – 14,4%, бастапқы жарна 15%-дан 20%-ға дейінгі аралықта болды, ал несие көлемі ең көп дегенде 30 млн теңге, 25 жылға дейінгі мерзімге берілді. Оны Азия даму банкі қаржыландырды.

Сонымен қатар, «Отау» ипотека бағдарламасына өзгерістер енгізіледі. Бұл бағдарлама бойынша кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағы тұрғындардың пайыздық мөлшерле-

БАСПАНА ҚОЛЖЕТІМДІ
БОЛА МА?

Өткен жылы елімізде тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң қабылданғаны мәлім. Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң азаматтардың, қандастардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қатысты мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Президенттің тапсырмасына сәйкес, түзетулердің бірінші блогы «Отбасы банкінің» негізінде тұрғын үй кезегіне қоюды, есепке алуды және бөлуді бір орталықтан жүзеге асыратын кешенді даму және қолдау институтын құруды көздейді. «Отбасы банкі» жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялауды, жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруді жалғастырады. Банк тұрғын үйді бөлу кезінде баспанаға мұқтаж азаматтарды есепке қою күні мен табыс деңгейін ескереді. Бұл, ең алдымен, тұрғын үй кезегінде ұзақ уақыттан бері тұрған адамдарды баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Түзетулердің екінші блогында тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін қосымша кепілдіктер енгізу қарастырылған. Ал түзетулердің үшінші блогы мемлекеттік қолдау іс-шаралары аясында берілген тұрғын үйді иелену және пайдалану тетігін реттейтін ережелерді толықтырып, нақтылайды.

месі 9%-дан 7%-ға дейін төмендетіледі. Депозит ашуды өтінші беруден бұрын жүзеге асыруға болады. Несие сомасы Астана мен Алматы үшін 36 млн теңгеге, ал басқа өңірлер үшін 30 млн теңгеге дейін ұлғайтылады. Алматы мен Астана қалаларында пәтер сатып алу кезінде енді тұрғылықты жерге тіркеу қажет болмайды. Бағдарламаның негізгі шарты – кейінгі бес жылда жеке меншіктегі тұрғын үйінің болмауы, бастапқы жарна 20%-дан бастап, депозитте кемінде 1 млн теңге болуы керек, ал тұрғын үйді бастапқы және екінші нарықтан сатып алуға болады.

МӘСЕЛЕНІ БІРЛЕСІП
ШЕШЕ АЛАМЫЗ

Тұрғын үй саласында мемлекет жүргізіп отырған саясат қарапайым халықтың әлеумет-

тік ахуалын жақсартуға бағытталғанын сарапшы-мамандар да растайды. Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, елордадағы Кәсіподақтар орталығының төрағасы Төлеген Күнәділов Үкіметтің тұрғын үй сатып алуда халықты қолдаудың түрлі бағдарламаларын іске асыруы тұрғындардың белгілі бір бөлігіне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүмкіндік бергенін айтады. «Баспананың қолжетімділігі әркімнің және көптеген факторларға, соның ішінде аймаққа, халықтың табыс деңгейіне және мемлекеттік саясатқа байланысты. Соңғы жылдары әртүрлі шарттармен ипотекалық бағдарламалар ұсынылды. Бұл несиеге тұрғын үй сатып алу үшін мүмкіндіктерді арттырады. Мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен ипотекалық несие беру

нарығын дамытудың нәтижесінде халықтың баспанаға қолжетімділік жағдайы біртіндеп жақсарып келеді. Мысалы, өткен жылы елордада жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы бойынша 1050 пәтер сатып алынды. Халықтың әлеуметтік осал топтарына 322 пәтер берілді. Сондай-ақ ішкі несиелер есебінен азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 1500 пәтер сатып алуға 24,7 млрд теңге бөлі. Бұдан басқа, ауданы 8 мың шаршы метрлік 2 632 пәтерлік 148 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізілуде, оның 7-уі – несиелік тұрғын үй шеңберінде, 1-еуі – жалға берілетін тұрғын үй шеңберінде. Құрылысты 2025 жылы аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар, азаматтарды қолдау мақсатын-

да қарызды ресімдеу кезінде бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификаттарын беру бойынша жұмыс жалғасуда. Осы мақсатта ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен 500 млн теңге бөлінді. 333 сертификат беруге бүгінгі таңда 280,5 млн теңге сомасына 187 тұрғын үй сертификаты берілді» дейді ол.

Сарапшының айтуынша, тұрғын үй қорын жөндеу бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2013 жылдан бері 286 апатты үйлердің тұрғындары көшіріліп, 4500-ден астам отбасы жаңа жайлы пәтерлерге ие болды. 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жөндеу жобасына сәйкес, 4 710 пәтерлік 206 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланып отыр. Төлеген Күнәділов баспана құны әсіресе ірі қалалардағы

халықтың едәуір бөлігі үшін айтарлықтай жоғары болып қала беретініне алаңдайды. Мұндай жағдай көптеген азаматтардың жалақысының ипотеканы пайдаланып, өз үйін сатып алуға мүмкіндік бермейді. «Бұл проблема өзекті күйінде қалып отыр. Оны шешу үшін мемлекет пен жекеменшік сектор екі тараптан күш біріктіруі керек. Халықты қолдаудың жаңа тетіктерін ойластырып, қолжетімді тұрғын үй сапасын жақсарту қажет. Көптеген бағдарламалар мемлекет тарапынан жүйелі түрде іске асырылып келеді. Оған көзіміз жетіп отыр. Десек те халықты ақпараттандыру деген мәселеге дұрыс көңіл бөлейік. Бұған біржақты қарамау керек. Қолда бар құралдарымызды пайдалана отырып, күллі қоғам болып осы істі алға бастырсақ, нұр үстіне нұр болар еді» дейді ол.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ
ХАЛЫҚҚА
ҚАМҚОРЛЫҒЫН
СЕЗІНДІМ!

Астанада тұратын көпбалалы ана Әсел Қалабаева 2011 жылдан бері баспана алу кезегінде тұрғанын, Президенттің тұрғын үй саласындағы дұрыс саясатының нәтижесінде өз баспанасына қол жеткізгенін айтады. «Мен елорда тұрғынымын. Жетімдер санатына жатамын. Күйеуім, 5 балам бар. Күйеуім 2-топтағы мүгедек. Үйдің кезегіне медициналық колледжде оқып жүрген кезімде тұрған едім. 11 жылдан кейін өз баспанамда тұрамын деген арманым жүзеге асты. Астанада қазір пәтер жалдап тұру өте қиын. 1 бөлмелі пәтердің өзінің ай сайынғы жалдама ақысы – 100-120 мың теңге. 2023 жылы маған «Не молчи, сирота!» қорының хабарласып, елордада тіркеуге тұрсам, өз баспанамды алатынымды айтты. Мен аталған қордың өкілі Руслан Тұрсынбековтің берген кеңесін құлақ асып, тіркеуге тұрдым. Үш айдан кейін маған баспанамды берді. Бұрын 1 бөлмелі пәтерде қысылып өмір сүріп келсек, Р.Тұрсынбековтің көмегімен «Отпан park» тұрғын үй кешенінен 3 бөлмелі пәтер алдық. Шынында баспана кілтін бергенде өз көзімізге өзіміз сенбедік. Қуанышымызда шек болмады. Бізбен бірге балаларымыз да қатты қуанды. Менің 4 қызым, 1 ұлым бар. Олардың ешқашан бөлек бөлмесі болған емес. Енді олар жеке әдемі бөлмеде тұрады. Тұрмысымыз осылай оңалды. Аллаға шүкір дейміз! Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік саясатының нәтижесін көрген ел азаматы ретінде алғысымды айтамын!» дейді Әсел.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ
КҮШ САЛҒАН ПАРК

Қазір елордада екі арнайы экономикалық аймақ (АЭА) жұмыс істейді. Бірі – «Астана – жаңа қала» деп аталса, екіншісі «Астана-Технополис» экономикалық аймағы. Осы АЭА-тың басқарушы компаниясы – «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы. Бүгінде орталыққа қарасты №1 Индустриялық паркте заманға сай түрлі өнім шығаратын көптеген кәсіпорын бар. Әрі отандық және шетелдік инвесторлар қаржы құйған зауыт пен өндіріс орындары жыл сайын ашылып жатыр.

Ержан
ҚОЖАС

«Бүгінгі таңда АЭА-тағы өнеркәсіптік объектілерінің инвестициялық портфелі 130 жобадан құралған. Оның ішінде бүгінге дейін 5 700-ден астам тұрақты жұмыс орнын қамтитын 70 жоба пайдалануға берілді. Ал алдағы 3 жыл ішінде 3 200 жұмыс орнын құратын 60 жоба

іске асырылмақ. Сондай-ақ осы №1 Индустриялық паркте локмотивтер, электровоздар шығаратын, арнайы киімдер тігетін, оптикалық құрылғылар, құрылыс материалдарын шығаратын үлкен зауыттар жұмыс істеп тұр. Аталған барлық кәсіпорында инженер-механик, слесарь, дәнекерлеуші, электрик, сандық бағдарламалық басқару операторлары, өн-

діріс менеджерлері сияқты өз саласына жетік мамандар жұмыс істейді» дейді Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының АЭА, өнеркәсіп және экспортты ілгерілету бөлімінің басшысы Айдын Қиылымбеков. Бөлім басшысының сөзінше, былтыр мұнда 770-тен астам жұмыс орнын құруға қауқарлы 13 жоба пайдалануға берілген.



Ал осы жылы 1300-ден астам жұмыс орнынан тұратын 21 жобаны іске қосу жоспарлануда. Айта кетейік, №1 Индустриялық парк республикалық

көрсеткіштер бойынша елдегі барлық парктар арасында елде көшбасшы болып отыр. Жұмыс істеу кезеңінде бұл парк 8,1 трлн теңге өндіріс

көлеміне жетті. Сондай-ақ аталған парктің табысты тәжірибесі №2 Индустриялық паркті іске қосуды да жеделдететіні анық.



ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ: ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ҚАЛАЙ?

Былтыр республикадағы 12 өңір тасқыннан зардап шекті. Су астында қалған ауыл, тасқынмен ыққан төрт түлік, бұзылған көпір, жарылған жол жайы әлі жұрт есінде. Сол уақытта елдік танытып, үрей құшағындағы халыққа ес болуға деген ұмтылыстың арқасында көп жағдай қазір түзелді. «Жұмылған жұдырықтай» болған жанашырлық, қанға сіңген қазақы қайыр қылудың арқасы еді бұл. Оның үстіне қапыда соққан қарғын судан кейін қолына құжатын ғана ұстап қалған ағайын халіне алаңдаған Президент те арнайы тапсырма берді. Қаржылай және материалдық қолдау легі молынан болды. Бұл туралы өз уақытында барлық БАҚ құралдары жария да етті. Ендігісі – өткен жылғы дүрбелеңнен сабақ алу болып отыр. Бұл жерде адам шығыны жоқ деп көңілді бірлеуден де аулақпыз. Әрі биыл осы қателік қайталанбас үшін Үкіметте қандай қарымды іс барын бағамдап көрдік.

Ержан
ҚОЖАС

БАРЛЫҚ ҰЗЫНДЫҒЫ 310 ШАҚЫРЫМ...

Су ресурстары және ирригация министрлігі биылғы тасқын кезеңіне дайындықты бастап кеткенін мәлімдеді. Дұрысы, атқарылып жатқан шара көп. Соның бірі – елдегі су қоймаларының жұмысын реттеу. Өйткені тасқын жағдайы қалыпты болу үшін осы нысандардың жұмыс режимі өте маңызды. Қазір министрлік орталық, солтүстік, шығыс және батыс аймақтағы су қоймаларындағы мол суды босату (теңіз немесе сол өңірдегі өзенкөл, суармалы жайылымдарға жіберу) жұмыстарына белсенді кіріскен. Бүгінде аймақтар бойынша орташа су жинау көлемі: солтүстік аймақтарда – 69%, батыс аймақтарда – 39%, шығыс аймақтарда – 86%, орталық аймақтарда 80%-ды құраған.

Жалпы көктемгі тасқын кезінде республиканың солтүстік, батыс, орталық және шығыс аймақтарында орналасқан су қоймалары су жіберу режимінде жұмыс істесе, оңтүстік аймақтағы су қоймалары жинақтау режимінде жұмысын жалғастырады.

Маңызды істің бірі – республикадағы су бөгеттерін нығайту, судың кедергісіз жүруі үшін өзен арналарынан тазарту болатын. Бұл жұмыс жоспарлы түрде атқарылып келеді. Мұнымен қоса, министрлік 6 облыс әкімдігімен бірлесіп, 56 жобаны іске асырып жатыр. Оның аясында жалпы ұзындығы 310 шақырым бөгет салу қарастырылған. Бүгінде аталған жұмыстардың шамамен 40%-ы орындалыпты.

Екіншіден, тасқын кезіндегі авариялық қызметтердің дайындығы. Министрліктегілер бұған қатысты жергілікті атқарушы органдармен және құтқару қызметтерімен өзара іс-қимыл жоспар әзірленгенін, қиындық туындаған жағдайда жедел әрекет етуге дайын екендігін айтып отыр.

БҮГІНДЕ АЙМАҚТАР БОЙЫНША ОРТАША СУ ЖИНАУ КӨЛЕМІ: СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАРДА – 69%, БАТЫС АЙМАҚТАРДА – 39%, ШЫҒЫС АЙМАҚТАРДА – 86%, ОРТАЛЫҚ АЙМАҚТАРДА 80%-ДЫ ҚҰРАҒАН

«Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, 557 нысанда көпфакторлы тексеріс жүргізу жоспарланған. Оның ішінде республикалық меншікке тиесілі 168 гидротехникалық құрылыс болса, қалған 389-ы – коммуналдық нысан. Биыл 105, 2026 жылы – 151, 2027 жылы – 66 және 2028 жылы 153 гидротехникалық құрылыс нысан жіті тексерістен өтпек. Ал былтыр 84 су нысанына тексеріс жүріп, жоспар артығымен орындалды. Сондай-ақ министрлік осы жылға арналған тасқынға қарсы комиссия құрды. Яғни халықты су басудан қорғау және тасқын судың өтуіне дайындық барысын бақылау шараларын қамтитын кезеңге дайындық алгоритмі келісілді» дейді министрлікке қарасты Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану коми-

тетінің бас сарапшысы Рамиль Сәрсембаев.

ЕЛОРДА МАҢЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Елордаға жақын орналасқан ірі гидротехникалық нысандардың бірі болып табылатын Астана су қоймасы 1970 жылдары салынған. Аталған су қоймасының жобалық көлемі – 410,9 млн м³. Гидронысанның негізгі мақсаты – Есіл өзенінің су тасқынына қарсы реттеу жұмыстарын қамтамасыз етіп, су басу қаупін төмендету. Яғни тасқын кезінде елорданы қорғау үшін қорғаныс бөгеті ретінде қарғын суды қабылдауға дайын қойма десе де болады. Бүгінгі күні Астана су қоймасындағы су көлемі 337,97 млн м³ (82,25%) құрап отыр.

«Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын суынан қорғау үшін бар-

лық қорғаныс бөгеттері дайын. Сондай-ақ Ақмола облысының елордаға іргелес аудандарында су тасқынына қарсы іс-шаралар жүреді. Мәселен, Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылының 8-шағын ауданында ұзындығы 6,5 км болатын қорғаныс бөгетінің құрылысы жүріп жатыр. Ал Целиноград ауданындағы Есіл өзенінің айналма жолдан Қажымұқан ауылына дейінгі бөлігінде арнаны тереңдету, түзеу және кеңейту жұмыстары жүзеге асырылуда. Екі жобаның да аяқталуы 2025 жылға жоспарланған» дейді СРИМ Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің су ресурстарын пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Сәкен Әтел.

Бұдан бөлек, биыл қала маңына жақын Жібек жолы ауылы аумағындағы Есіл өзенінің арнасын тереңдету және кеңейту жұмыстарын (ұзындығы 21 шақырым) жүргізу басталады. Жоба бүгінде ведомстворалық сараптаманың оң қорытындысын алған. Сонымен қатар, 42-разъезд аумағындағы қорғаныс бөгетін күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжат әзірленсе, Астана су қоймасынан Жібек жолы ауылына дейінгі Есіл өзенінің 40 шақырымдық арнасын тереңдету жұмысы да пысықталып жатыр. Мұнан бөлек, Аршалы ауданына қарасты Анар станциясының маңындағы су өткізгіш құрылғылары бар қорғаныс бөгетіне реконструкция жүруде.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, айтылған хәм жоспарланған барлық шара су тасқынының қаупін азайтуға, халықты және инфрақұрылымды қорғауға бағытталған. Алдағы уақытта кез келген гидрологиялық жағдайға тұрақты мониторинг уақытылы жүргізіліп, әр жоспарлы іс түрлі болжам мен ауа райы жағдайына қарай қайтадан пысықталып отыратын болады.

ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Қазіргі кезде тұрғындардың өмірін электр және электр құрылғыларының елестету қиын. Олар күн сайын тұрмыста электр үтіктерін, плиткаларды, рефлекторлар, каминдер, радиаторлар, полотнолар, кір жуғыш машиналар, тоңазытқыштар, электр бұрғылары және басқа да электр құрылғыларын жиі қолданады.

Дегенмен, адамдар көбінесе өркениеттің осы өнімдерін дұрыс пайдалану ережелерін елемейді. Ал кез келген электр құрылғысының дұрыс жұмыс істеуінің әсерінен өрт туындауына әкеліп соғуы мүмкін.

Өрт қаупін азайту және электр құралдарын қауіпсіз пайдалану үшін Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті негізгі ережелерді еске салады. Алдымен ақаулы электр құрылғыларын пайдаланбаңыз. Электр жабдықтары мен аспаптарды жөндеумен айналыспаңыз. Бұл жұмысты мамандардың істегені жөн.

Кез келген жаңа электр құрылғысын желіге қоспас бұрын, оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Сондай-ақ, тұрмыстық электр құрылғылары қосылмағандықтан немесе шам жанбағандықтан электр тогы жоқ екен деп ойлап қалмаңыз. Барынша абай болыңыз.

Электр құрылғыларының металл корпусына және су құбырының, көріздің металл жүйелеріне бір уақытта

қол тигізбегеніңіз абзал. Электр сымдарындағы нашар байланыс оның қызуына, ұшқындардың пайда болуына әкелетінін және өрт тудыруы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Тек стандартты сақтандырғыштар мен балқымалы кірістірулерді қолданыңыз.

Электр жылыту құралдарын пайдаланған кезде қоректендіру электр сымның қыздыру элементімен немесе қыздырылған бетімен жанасуына жол бермеңіз. Өрт болған жағдайда электр аспапты тоқтан ажыратып және оттегімен қатынауды тоқтату үшін тығыз матамен жабу керек. Жанып тұрған электр құрылғыларын сумен сөндіруге болмайды. Электр құрылғылары қосылып тұрған кезде балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Өрт кезінде 101 нөміріне 112 нөміріне қоңырау шалу керек!

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД

Алматы ауданы
Төтенше жағдайлар
басқармасының бас
маманы, азаматтық
қорғау аға лейтенанты

АУЛА КЛУБЫ – ТӘРБИЕ ОРТАСЫ

Астанада 10 жылдан бері тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған «Аула клубтары» әлеуметтік жобасы табысты жұмыс істеп келеді.



Жоба Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығының клубтарын дамыту бөлімінің жетекшілігімен жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда қалада 2500-ге жуық тәрбиеленушіні қамтитын 10 аула клубы жұмыс істейді. Бұл, негізінен, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар мен жастар.

Алматы ауданында 4 клуб жұмыс істейді: «Қыран», «Жасқанат», «Тахтау», «Армандастар». Байқоңыр ауданында «Бәйтерек» клубы, Есіл ауданында «Ақжол клубы жұмыс істейді, ал

Сарыарқа ауданында 3 клуб бар: «Динамо» Profit, SABAT FIGHT CLUB. Нұра ауданында «Үркер» клубының есігі ашық. Аула клубтары 130 түрлі үйірмелер мен секцияларды ұсынады. Олардың 74-і – спорттық, 56-сы – шығармашылық. Клубтардағы барлық сабақтар тегін өткізіледі. Тәрбиеленушілерді қабылдау процесі Ikomtek109 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы клубтар туралы ақпарат алуға және сабаққа жазылуға болады.

АСТАНА СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ КӨЛЕМІ – 410,9 МЛН М³. БҮГІНГІ КҮНІ ҚОЙМАДАҒЫ СУ КӨЛЕМІ 337,97 МЛН М³ (82,25%), ҚҰРАП ОТЫР





ТАРИХ ПЕН БОЛМЫСТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

2025 жылы 10 қаңтарда тарихшы, жазушы, зерттеуші, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауин АҚШ-та қайтыс болды. Осылайша, 2006 жылдың желтоқсан айында өзі аса үлкен жүреппен, асқақ махаббатпен сүйген туған жері, туған елінен кеткен қазақтың абыз ақсақалына мұхиттың арғы бетінен топырақ бұйырды. Арысының денесін жат ел, жат жерде тастамайтын қазақпыз ғой, Мұханның сүйегін елге әкелер ме екен деген соңғы үмітіміз де орындалмады.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақ әдебиеті мен тарихына тың құбылыс ретінде түрен салып келген Мұхтар Мағауин ісі қазаққа 26 жасында танылып, «басына тас емес топ тисе де», алған бетінен қайтпай, жан-кештілікпен жұмыс істеп, саналы ғұмырында қазақ халқына жазушылық, ғылыми зерттеу, тарих және әдеби сын, көсемсөз жайлы жазған 27 томдық мұра қалдырды. Түсініген, сезінген адамға бұл – ұлтымыз үшін қисапсыз қазына, баға жетпес байлық.

Пайғамбар жасынан асқан кезінде «О, Тәңірім, маған мұрсат бер, ойымдағыны түгел орындай алғам жоқ» деп Жаратушыдан іштей 23 жыл – 82 жасқа дейін ғұмыр сұраған Мұхтар 85 жас жасады. Ресми деректерде «Мұхтар Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген» деп жазылғанмен, Мұхат 29 қаңтарда туған. Оны өзі айттып та, жазып та кеткен.

Бала кезінен қазақ ауыз әдебиеті мен халық мұрасына құштар болып өскен Мұхтар бұл қызығушылығын болашақ кәсіби жолына негіз ете білді. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған ол одан кейінгі өмірін әдебиетке, тарихқа және ғылымға арнады. 1965 жылы «Қобыз сарыны» монографиясын жазып, орта ғасырлардағы қазақ әдебиетінің маржандарын жарыққа шығарды. Бұл еңбегі арқылы қаламгер қазақ әдебиетінің түп тамырын терең зерттеген ғалым ретінде танылды. Әдебиетті зерттеу саласындағы еңбектері қазақтың ұлттық болмысына алапат күш бітіріп, ұлттық мәдени мұраны қайта жаңғыртуда шешуші рөл атқарды. XVII ғасырдағы қиын-қыстау кезеңдерді тіліне тиек еткен «Аласапыран» романы да қазақ халқының сөніп, үзіліп бара жатқан рухын қайта сілкіп оятты. Әбіш Кекілбайдың «Алдаспан» мен «Қобыз сарыны» өз тұсындағы қазақ әдебиеті мен қоғамдық ойында шешуші бетбұрыс жасай алды» деп бағалауы – соның дәлелі.

М.Мағауиннің «Шақан шері», «Тазының өлімі» сияқты шығармалары адам мен табиғат арасындағы байланыс, рухани құндылықтардың құлдырауы, заманның көлеңкелі тұстарын ашып көрсетеді. Әсіресе «Тазының өлімі» әңгімесінде адамның рухани азғындауы мен табиғат арасындағы қайшылықты жан тебіренер көркемдікпен, көрегендікпен суреттей білді.

Қалам иесі өмір бойы қазақ халқының ұлттық санасын оятып, тарихи

әділдікті қалпына келтіруді мақсат тұтты. Сосын да оның шығармашылығы тәуелсіздік идеясының жаршысы ретінде танылды. «Қазақ тарихының әліппесі» еңбегі қазақ халқының тарихи санасын қайта жаңғыртса, «Ұлтсыздану ұранында» қазақ халқының ұлттық болмысын сақтап қалу, рухани тәуелсіздік, тіл, діл және мәдениет мәселелерін қозғап, құндылықтарымызды қорғауға батыл үндеу жасады.

Мұхтар Мағауин – қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтас ұлттық руханияттың шамшырағы. Оның шығармалары мен ғылыми еңбектері ұлттық болмысты сақтаудың, тарихи сананы жаңғыртудың, ұлтты рухани тұрғыда байытудың үлгісі. Ол – өзінің сан қырлы талантымен, ұлтқа деген сүйіспеншілігімен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында мәңгілік орын алған тұлға. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхтар Мағауиннің қазасын «қазақ үшін бір дәуірдің аяқталғаны» деп қабылдасақ та артық емес. Өйткені бұл дәуірде Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев және Ақселеу Сейдімбек сынды қазақ әдебиетінің алдығыға мұрагер, кейінгіге бұйдагер болған тұлғалары өз шығармашылығымен қазақ халқының рухани әлемін байытып, ұлттық болмыстың мәңгілік құндылықтарын сақтауға зор үлес қосқан һәм соны бекемдеуге бек күш салған мезгіл болды. Енді біздің ұлтқа Әбіштей абыз, Мұхтардай дана қаламгер бұйыра ма, жоқ па – оны уақыт көрсетеді. Дегенмен XIX ғасыр қазақ мәдениетінің алтын ғасыры болса, XX ғасыр қазақ қаламгерлерінің алыштары туған дәуір болды. Бұл пайымға да Әбіштің «Ертіс пен Жайыққа, Алатау мен Алтайға бармаған адам қазақ жерін көрдім деп айта алмайтыны сияқты, төл әдебиетіміздің Мұхтар Мағауиндей кемел суреткерінің құнарлы туындыларының тұңғыш мен тұңғығына бойламаған адам қазақ елін, қазақ ұлтын білдім деп айта алмасы хақ. Ондай іргелі суреткерлерді шығарманы мен шығарлаңы мол күрделі дәуірлер туғызары анық» деген сөзі дәлел секілді.

Иә, «Мына мен – айбынды Ғұн, ержүрек Түрік, кемеңгер Шыңғыс хан, асқақ Алтын Орда, оған жалғас нұр шұғылалы Алаш әулеті – бар ғұмыры жарыққа ұмтылған арпалыс үстінде өткен Мұхтар Мағауин – көзім жұмылған мезетте, бұрнағы алапат боларым сияқты, өлмес, өшпес, мәңгілік аруаққа айналамын! Иә!» деп өзі жазып кеткендей, қазақ барда Мұхтар Мағауин есімі бұл фәниден өшпек емес. Керісінше, күн сайын биіктей бермек!

РУХАНИ ӘЛЕМІМІЗДІ ЖАҢҒЫРТАТЫН ОРТАЛЫҚ КЕРЕК

Көпшіліктің есінде болар, 2017 жылы ішкі туризмді киелі жерлер негізінде дамыту мақсатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» арнайы бағдарламасы іске қосылған. Бұл 2025 жылға дейінгі сегіз жылды қамтитын ауқымды жоба еді. Бағдарлама іске қосылған қысқа мерзімнің ішінде еліміздің аумағындағы киелі нысандардың «Қасиетті Қазақстан» көпсалалы виртуалды картасы жасалып, мәдени мұралар тізіміне енген нысандарды насихаттау жұмысы жүйесін тапты. Ғылыми зерттеулер жүргізіліп, монографиялар жазылып, ғалымдар киелі мәдениетімізге назар аударма бастаған-ды. Бұл туралы ҚР Ұлттық музейі үйлестіру және музей ісін дамыту бөлімінің аға ғылыми қызметкері Батырхан ЖҰМАБАЙ әңгімелеп берді.



– Ұлтымыздың құндылықтарын жаңғыртып, рухани өмірімізге серпіліс берген бағдарламаға қайта оралудың әлі де қажеттілігі бар. Ұлттық музейде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» арнайы бағдарламасының орталығы жұмысын тоқтатты. Дегенмен әлі күнге дейін жер-жерден хабарласып, елдегі киелі нысан деп табылған мекендердің қазіргі жағдайынан хабардар етіп отырады. Соған қарап ерекше мәдени, рухани серпілісті аңғарамыз. Аталмыш бағдарламаңа жаңа сипатта, жаңа мазмұнда жалғасы болуы тиіс деп ойлаймыз. Жалпы осы бағдарлама аясында 185 жалпыұлттық, 500-ге жуық жергілікті нысан анықталды. Киелі деп қастерлейтін, қасиет беріп құрметтейтін рухани байлығымыз бұдан да көп. Оны түгел тізімдеп, жан-жақты зерттеп, ғылыми негіз беру бір жылдың ғана жұмысы емес. Олардың да сипаты әрқалай. Сонда да еліміздің зайырлы мемлекет көзқарасына оң нәтиже беретін нысандарды ең басты мақсат есебінде алдық. Қазіргі Түркістан облысында «Бірлік төбе» деген жер бар. Сырт көзбен қарағанда үйінді төбе. Бірақ жай төбе емес, 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» бүкіл қазақ еліне сауын айтқанда, ұлт болып ұйысып, кіші жүз ханы Әбілқайырдың бас-тасамасын ерек кіндікті деген 14 жастан жоғары ер-азаматтар жиналып, бір-бір уыс топырақты апарып, сол жерге үйгеннен қалған биік төбе. Жауға қарсы тас-түйін болып түйілген халықынтымағының белгісі – ата-баларымыздың арман-тілегін біріктірген төбе. Сол сияқты Астананың түбінде «АЛЖИР» атты сталиндік жүйенің кезінде салынған түрменің орнында ескерткіш бар. Қайғылы болса да, әлемде теңдесі жоқ, бұрын-соңды тарихта болмаған, қазақтың нарқасқаларының кеңестік жүйенің басшыларының, қоғам қайраткерлерінің жарын, апа-қарындастарын қапыста ұстаған, аналардың

көзі жасына малынған қасіретті жер. Біздің тарихымыздың ауыр да қастерлі жері. Осындай киелі жерлерге лайықты тарихи, әлеуметтік, философиялық көзқарасымызды қалыптастыратын тұжырым болуы керек.

– Шынында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» арнайы бағдарламасы арқасында киелі орындарға көзқарасымыз өзгеріп, дәстүрлі діңгемізді қайта тапқандай болдық. Киелі нысандардың айналасы көркейіп, зияратшылар легі жылдан-жылға артып келеді. Бұл да осы бағдарламаның жаңғырығы деп ойлайсыз ба?

– Кезінде халықтың киелі орындарға деген әлеуметтік көзқарасын философиялық, мәдени тұрғыдан зерттеп, қасиетті нысандарға сапарлап барушылардың мақсатын зерделеген едік. Әдеттегідей, әулиелердің басына жаны қиналған кезінде бара ма, әлде танымдық, туристік қызығушылық па деген сұрақтың жауабын білу біз үшін маңызды болды. Сараптамалық талдау негізінде динамикалық өсім барын, адамдардың әртүрлі жағдайда келетіні анықталды. Шамамен 40 пайыздан жоғарысы танымдық негізде көру үшін барады, 17 пайыздан жоғарысы жеке өміріндегі қиын-қыстау кезінде зиярат етеді, жақынынан айырылып, жаны күйзеліске түскенде де тысымынан қолдау күтеді екен. 16-17 жасар жастар да ұлттық бірыңғай тәстілеуден жақты баға алу үшін қасиетті жерлерге топталып барады екен. Олар үлкен өмір алдында тұрғандықтан, аруақты жерлерге барып, сенімін нығайту дәстүрі қалыптасыпты. Негізі, бұл – қазақты болмысымызда бар нәрсе. 21-35 жастағылар денсаулығына қарай, көбі перзент сұрап барады.

– Бұл ретте киелі орындардың шырақшыларына да көп нәрсе байланысты ғой.

– Осы күнге дейін шырақшылардың қызметі анықталмаған. Олардың дені – өздері қарауылдайтын әулие-әмбиелердің

ұрпақтары. Сондай жерге зиярат етіп келушілерге айтатын ақпараты қандай негізге құрылады, «әулие ортақ» десек те өз руын дәріптеуден асып кетпей ме, тарихты бұрмалау бар ма деген сұрақтардың басын ашып алу керек. Бағдарлама аясында 2019 жылы еліміздегі кесенелерде, киелі орындардың басында отырған шырақшыларды жинап, Ұлттық музейде бірнеше күнге созылған семинар өткіздік. Бір апталық жұмыс нәтижелі болуымен қатар көп жайттың бетін ашты. Көп жерде өзі иелік етіп, ұлтқа ортақ құндылық емес, өзінің жеке иелігіндегі мұрасындай көріп, ірі сөйлейтін шырақшылардың бары анықталды. Келіп тұрған туристердің білместігі үшін сөгіп алатындары да бар. Яғни қанша адам келсе соншама тіл тауып сөйлесіп, әрқайсысының жанына үңіле білудің оңай жұмыс емес екенін, оған да дайындық керекін түсіндірдік. Айтатыны жоқ, әулиелердің басына тойдан шығып, ішіп келетіндер де бар. Соның бір мысалы – Тараз қаласының ортасындағы Қарахан ата мазарының маңында «селфилеткісі» келетіндерге не бағдар береміз? Ғашықтардың символына айналған Айша бибінің басына жас жұбайлардың тобы қыдырып барып, шаппан атып қызықтайтын сәттері бар екен. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін қалай түсіндіру керек? Шырақшылар жиынына мүфтияттың өкілдерін шақырып, олардіні көзқарасымен, біз зайырлылық тұрғысынан түсіндіру жұмысын жүргіздік. Семинарға шақырылған ғалым-этнографтар ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлерімізден хабардар етіп, күрделі мәселелерді шешуге тырысты.

– Бағдарламаның ұтымды жағы туралы тағы не айтуға болады?

– Оның бір мысалы – Бозоқ қалашығы. Ежелгі қалашық ретінде оның түр-сипаты, тарихтағы рөлі белгіленіп, бағдарлама аясында республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерт-

кіштерінің мемлекеттік тізіміне енді. Астананың жалпыұлттық он нысанның архитектуралық жағдайына қарай тоғыздың жағдайы қалыпты болса, Бозоқтың жағдайы алаңдатарлық еді. Алып баратын жолы белгіленбегендіктен, туристерге қатынау қиын, басқа да коммуникация жоқтың қасы. Сол кезде өз тарапымыздан басқарушы билікке оны жақсарту жолын көрсетіп, ұсыныс бердік. Олар өз тарапынан қаражат бөліп, қатар көп жайттың бетін ашты. Көп жерде өзі иелік етіп, ұлтқа ортақ құндылық емес, өзінің жеке иелігіндегі мұрасындай көріп, ірі сөйлейтін шырақшылардың бары анықталды. Келіп тұрған туристердің білместігі үшін сөгіп алатындары да бар. Яғни қанша адам келсе соншама тіл тауып сөйлесіп, әрқайсысының жанына үңіле білудің оңай жұмыс емес екенін, оған да дайындық керекін түсіндірдік. Айтатыны жоқ, әулиелердің басына тойдан шығып, ішіп келетіндер де бар. Соның бір мысалы – Тараз қаласының ортасындағы Қарахан ата мазарының маңында «селфилеткісі» келетіндерге не бағдар береміз? Ғашықтардың символына айналған Айша бибінің басына жас жұбайлардың тобы қыдырып барып, шаппан атып қызықтайтын сәттері бар екен. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін қалай түсіндіру керек? Шырақшылар жиынына мүфтияттың өкілдерін шақырып, олардіні көзқарасымен, біз зайырлылық тұрғысынан түсіндіру жұмысын жүргіздік. Семинарға шақырылған ғалым-этнографтар ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүрлерімізден хабардар етіп, күрделі мәселелерді шешуге тырысты.

– Адам баласын ойландыратын «мен кімін?» деген сұрақтың бір ұштығы өткен тарихымызбен байланысты ғой. Оның жер бетіндегі белгілеріне деген ерекше көзқарас ұлтымыздың рухани әлемін нығайта түспек дейсіз ғой.

– Туризм – ел экономикасын дамытатын күш. Румынияда Дунайдың жағалауында холодт құрбандарына арналған аяқ киімдердің ескерткіштері бар. Қаншама жұрт сол аяқ киімді көру үшін елге келіп жатады. Біздің тарихымыздың осындай белгілерінің қай-қайсысын алсақ та, ол туралы деректі фильм түсіріп, насихат жұмысын жүргізіп, туристерді тарта алсақ, рухани әлеміміз жарқырап, рухымыз биіктей түседі. Сол себепті туризмнің жолын, ғылыми тұжырымын негіздеп, осы істің басында жүрген шырақшылар, өлкетанушылар, басқа да қызметкерлер арасында алтын көпір болатын орталық керек.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС



Бекжан БЕЙСЕНБАЙ,
өлкетанушы,
қажымұқантанушы

Мен М.Бекбаева түсірген фильмнің қате екенін дәлелдеп, тиісті министрліктер мен «Хабар» АҚ, ресми ақпарат көздерінен бұл фильмді өшіріп, кешірім сұрап, ал Ғылым және жоғары білім министрлігі менің деректерім дұрыс екенін мойындап, менің жазған «Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Аңыз бен ақиқат» атты кітабымды қолдап, ғылыми кеңестің шешімін де берген болатын.

Біз «уф» деп, «Аллаға шүкір» дегенше Қанағат Мұстафин деген шықты. Әлімжан Құртаев сенатор кезінде осы фильмнің сценарийін көріп, қателерін көрсетіп айтып, «түзет» деп кеттім» деп еді. Түзетпепті.

2022 жылы министрлікте талқылау өтіп, М.Бекбаеваның фильмі қате екенін мойындатқан соң, осы министрліктің жауапты қызметкері телефон арқылы «Келесі жылы фильмді қайта түсіреді. Түсірер кезде міндетті түрде сізді шақырады. Біз мұны қадағалаймыз, сізбен хабарласып тұрамыз» деген еді. Хабарласпады.


Қанағат Мұстафиннің фильмінде де қате дегенің өріп жүр. Масқарасы сол, мұнда да «Қажымұқан қартайғанда отбасы аш қалыпты». Фильмнің соңында Қажымұқан аш жанұясын тастап, үйден безіп кетеді. Қанағат Мұстафин «Енді осы фильмді шетелге шығарамыз» дейтінін қайтерсің. Шетел емес-ау, өзіміздің кино-театрларда көрсетуге тыйым салатын фильм. Қазақты қорлаған осындай жалған фильм-сымақтар «шетелге шығаруға лайық па?» деп жатқан ешкім жоқ.

Ал енді мына бір Асланбек Қансарбаев деген тарих пәнінің мұғалімі, блогерсымақтың «Сенсация: кто убил Хаджимукана? Кому помешал Хаджимукан?» деп айқайлаған видеосын YouTube-тан көріп, естен тана жаздадық. Бұл видео кезінде Алматыдағы Республикалық архивтің директоры болған Марат Хасанаев деген кісі тапқан, Қажымұқанның атынан 1945 жылдың 26 маусымында және 1947 жылдың 10 қаңтарында жазылған екі хаттың орысша аудармасы негізінде жасалған қате деректерді қайталайды. А.Қансарбаевтың бар «жаңалығы» М.Хасанаевтың айтқан қате деректерін барынша қоюлатып, айқайлатып, көрші Өзбекстан Республикасының басшылары: Өзбекстан КП ОК бірінші хатшысы Осман Окупов пен Өзбек ССР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Юлдаш Ахунбаевты мақтап, «1937 жылы Қажымұқанды НКВД-ның тұзағынан өзбектер құтқарды» дейді. Ал біздің Қазақстан Республикасының басшыларынан Қажымұқанға көмектесуі мүмкін еді ғой дегеннің



ҚАЖЫМҰҚАНДЫ ҚАШАНҒЫ ҚАЖАЙ БЕРЕМІЗ?

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, біз де қазақтың тарихын бұрмалап жүрген арсыздардың өтірігін әшкерелеуден шаршайын дедік. Мұнымен айналысуға тиіс мыңдаған адамнан тұратын штаты бар министрліктер, институттар осы қазақты қорлап жүрген арсыздарды неге жөнге салмайды?



бөріні мұқият тізіп шығып, осы басшы азаматтарды «қолында орасан билігі бола тұра көмектеспеді, қорықты» деп кінәлайды. Автор сол 1946 жылы Қаз КП ОК бірінші хатшысы болған Геннадий Борков осындай Қажымұқанның қазақтарға керек емес екенін түсінеді» деп өзінше «керемет жаңалық ашыпты».

Марат Хасанаевтың қате деректерін барынша пайдаланып, кінәлайтын Қазақстан басшылары мұқият тізіп шыққан А.Қансарбаев Қажымұқанның өзіне қатысты деректерге келгенде сауатсыздық танытқан. Ол Қажымұқанды «1917 жылдан 1937 жылға дейін Омбы облысының «Жаңа жол» колхозында малшы болды» дейді. Бұл жиырма жыл ішінде Қажымұқан Омбы қаласынан бастап, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанның қаншама қаласын аралағанын тіпті білмейтін сияқты.

«Қажымұқан 1938 жылы Қазақстанға қайта оралып, Шәуілдір ауданының Ленин туы колхозына келіп, қара жұмысшы болып орналасты» дейді. Ол тіпті Ленин туы колхозының Шәуілдір ауданында емес, Арыс ауданында екенін білмейді де.

«Соғыс басталғанда көрші колхоздарға өнер көрсетіп, бірнеше айда 100 мың

сом ақша тапты» дейді. Ол Қажымұқанның қаншама облысты аралап, екі жыл (1942-1944 жж.) бойы өнер көрсетіп жиган ақшасы болатын.

Қажымұқанның спорттағы жетістіктерін тізе келе, «қартайғанда қазақтар Қажымұқанға қарамай қойды» депті. Өтірік. Мына мысалдарды қарайық:

1) Әлімқұл Бүркітбаев «Қажымұқан» атты еңбегінде Балтық жағалауы, Латыш елінің атақты палуаны Юхан Тиганенің жазбасын келтіреді: «Орынбордан Троицкіге шейінгі жол бойы үлкен-кіші түгел Қажымұқанның алдынан шығып қарсы алып, қонақ етіп отырды. Орынборда Қажымұқанға кездесіп, қасына еріп келе жатқан Тигане халықтың өз палуанына деген сүйіспеншілігін жазып қалдырған екен. «Мен ұлы мәртебелі дворяндар мен помещиктерге де халық мұндай құрмет көрсетеді десе сенбес едім» деп жазыпты ол. «Сол жолы Қажымұқан елінің қадірлі ұлы екенін өз көзіммен көрдім. Мынау айта-айта жүретін іс болды».

2) 1946 жылы Ақтөбеде Қажымұқанның үйінде болып жинаған деректері негізінде Әуелбек Қоңыратбаев Қажымұқан туралы «Баһадүр» атты кітабын шығарды. Осы кітапта Ә.Қоңыратбаев: «Сөй-

тіп отырғанымызда, бір жылқышы төрт қой, құлынды бес биені айдап әкелді. Палуан далаға шығып:

– Бұл кімнің малы? – деп сұрады.

– Мынау сойысыңыз, батыр, мыналарды сауып ішерсіздер, – деді әлгі жылқышы.

Байқай келсек, бұл «Ақтөбе» колхозының беріп жіберген малдары екен» деп жазады.

3) Қажекеңнің қайраттанған келбеті.

Ахмет Бектаев, облыстық аурухананың жоғары категориялы дәрігері, Ұлы Отан соғысының ардагері:

«Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, 1945 жылдың күзінде елге қайтып оралдым. Мамандығым бойынша (1937 жылы Самарқанд медицина институтын бітірген болатынмын) Темірлан селосындағы учаскелік ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалды, қызмет істеп жүргенмін. Бір күні мені сол кездегі Арыс аудандық партия комитетінің бірінші секретары Мырзахан Шораев шақырып, «атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасов «Шілік» совхозынан Темірланға көшіп келгелі жатқанын, мен сол кісінің денсаулығын бақылап, қамқорлыққа алуым керектігін» айтты. Қажымұқанға Темірланның қасындағы «Ленин туы» колхозының бауы ішінен арнайы учаске бөлінді. 1946 жылдың жазында Қажекең сол жерге отбасымен көшіп келіп, үй тікті. Атақты палуанға ауылдың үлкен-кішісі күн сайын шұбап келіп сәлем беріп, оны қонаққа шақырысып жатты. Қажекеңнің үйінен адам арылмайды. Бұл колхоз председателі Ертай Тасболатовты біраз толқытты. Өйткені Қажекең келіп сәлем берушілердің көлік-малдары колхоз бауына едәуір зиян келтірді. Кейін оның да жөні табылды. 1948 жылдың жазында Қажекең Боралдай өзенінің бойында бие байлап, үй тіктіріп жатты. Сол жерде кенеттен қан қысымынан қайтыс болды. Оны бүкіл аудан жұртшылығы бо-

лып зор құрметпен жерледік».

4) Файзолла Үрмізұлы «Созақ өңірінде» атты естелігінде Қажымұқанның 1947 жылдың мамыр айында «Баба Түкті шашты Әзиз әулиенің басына зиярат етемін» деп әйелі Бибижан екеуі Созақ ауданына келгенде, созақтықтар палуанды жібермей, күнде бір ауыл қонаққа шақырып бір ай жүріп қалғанын баяндайды: «Ел аралаған Қажекең бірнеше соғып өткен Құмкент колхозына ай жүріп оралды».

5) Отар Жұмахан «Қажымұқанның соңғы сапары» атты мақаласында: «Палуан ауданда айдан аса уақыт болып, елмен, жермен танысты. Аудан қызметкерлері «сізге жапқан шапанымыз» деп 200 метр мата сыйласа, колхоздар алдына 80 қой салып берді» деп жазыпты.

6) «Мінай апа «...Бірде Созаққа барып өнер көрсетіп, бір қыздың қалың малына жететін мал айдап келді. Сол малды ауылдағы жетім-жесірмен мүгедектерге таратып берді. ...Бір күні «палуан-ау, жасың болса келді, жаман айтпай жақсы жок, өле кетсең де дүние керек емес пе?» деп едім, біраз тұнжырап отырды да: «...Елімде болса – менікі, менде болса – елімдікі! Дүние жинайтын болсам, ендігі алтыннан үй тұрғызар едім. Басқалар тоңып отырғанда, менің тойып отырғаным кімге керек?..» деген-ді» деп жазады шөпшегі Меруерт Ескермес.

А.Қансарбаев «1945 жылдан Қажымұқанның денсаулығы сыр бере бастады. Оған Қажымұқанның материалдық жағдайы төмен болғаны да әсер етті. Тіпті Қажымұқанның өз үйі де болмады, себебі Қажымұқан колхоз мүшесі емес еді» дейді. «Соңдықтан атақты палуан колхоздың мал қорасында, колхоздың қой, сиыр, жылқыларымен бірге тұрды» дейді. Ол Қажымұқанға 1946 жылы бес бөлмелі, шиферлі, фундаменті бір метр үй салып бергенін тіпті білмейді. Ол кез үйін бұл үй хан сарайындай еді.

А.Қансарбаев «Кто убил легендарного Хаджимукана? Кому помешал казахский борец?» деп айқайлатып жаза келіп, соңын «умер от голода и в полной нищете» деп аяқтайды. Тірік.

Кезінде сталиндік саясаттың кесірінен жер ауып келген грек, неміс, шешен, ингуш, корей, т. б. халықтармен барымен бөлісіп, аман алып қалған қазақтар өздерінің бауыры әрі мақтанышы Қажымұқанды қалай аш қалдырады? Бұл миға сыймайтын ақымәқтық қой.

Қажымұқанның қасында болған, көзімен көрген адамдар оның бір нәрседен таршылық көргені туралы айтқан емес. Керісінше:

А) оның қаншама адамға көмектескені (мысалы, хатында айтылатын 10-15 отбасы);

Ә) үйіне келген қонақты қонақасын жегізбей жібермейтіні;

Б) 1944 ж. Отан қорғау қорына 100 мың сом жіберіп ұшақ жасатқаны;

В) 1945 жылдың күзінде ұлан-асыр той жасағаны, тойында Шәуілдір аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жүзбай Жүнісбеков пен Арыс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзахан Шораевтың тойбасшы болып, зыр жүгіріп қызмет жасағаны;

Г) сол аш деп жүрген кезеңде (1946 ж.) 52 жастағы Батима апа мен 41 жастағы Мінай апаның үстінен 22 жасар Бибижанға үйленгені, одан 1948 жылы Жанна диді атты кенже ұлын сүйгені;

Ғ) 1947 жылы КСРО-да ақша реформасы болғанда, банкке бір қап ақша екіліп ауыстырғаны айтылады.

10-15 жанұяға көмектесіп

“

Біздің топшылауымызша, Қажымұқанның нағыз өмірін дәлелдейтін қаншама нақты дерек болса да ескермей, біз тілге тиек еткен фильмді жасаушылар алдына бір ғана мақсат қойған секілді. Ол – қазақтың сорлығынан Қажымұқанның қалай қор болып өлгенін көрсету. Сол арқылы аңқау қазақ жастарын өз халқынан безіндіру, мәңгірттендіру

жүрген, қайтыс болардан жарты жыл ғана бұрын қаппен ақша ұстап жүрген адам қалайша аш болады? Біз осының шындығын тексеру үшін Марат Хасанаев басқарған архивте екі ай отырып құжат қарадық. Таңғаларлығы, дәл осы архивте Қажымұқанға 1 шілде 1946 жылдан 500 сом, 1 қазан 1946 жылдан балаларына 200 сом, барлығы 700 сом дербес зейнетақы тағайындалғанына толық деректер таптық.

Қажымұқан қайтыс болған 1948 жылғы тамыздан 500 сом пенсия тоқтатылған. Ал Қажымұқанның ұлдары: Айдархан пенсияны 1961 жылдың аяғында медучилищені бітіргенге дейін, Жанаділ 1970 жылы институт бітіргенге дейін алып тұрған екен.

А.Қансарбаев «Қажымұқан қайтыс болардан бір күн бұрын 11 тамыз 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық спорт комитетінің төрағасы Федор Николаев Мәскеуден келген журналисті Қажымұқанға алып келді. Мәскеулік журналист Қажымұқаннан интервью алды» деген деректі айтады. Облыстық басшылар Мәскеуден келген журналисті Қажымұқанға жағдайы нашар болса жолатпас еді ғой. Жағдайы жақсы болған соң ғана сенімді түрде жолықтырған. Тек соны түсінуге автордың санасы жетпесе керек.

Енді осының бәрін қалайша түсінеміз? Олар осындай арсыздықпен ұлт мақтанышы, халқының атын бүкіл әлемге танытқан қазақ спортының атасы Қажымұқанды қорлап жүргенін және бұл тек палуанды ғана қорлау емес, күллі қазақты қорлау екенін түсінбейді ме?

Біздің топшылауымызша, Қажымұқанның нағыз өмірін дәлелдейтін қаншама нақты дерек болса да ескермей, біз тілге тиек еткен фильмді жасаушылар алдына бір ғана мақсат қойған секілді. Ол – қазақтың сорлығынан Қажымұқанның қалай қор болып өлгенін көрсету. Сол арқылы аңқау қазақ жастарын өз халқынан безіндіру, мәңгірттендіру. Олар мақсатына жетіп те жатқан сияқты. Себебі осы материалдарды көрген мыңдаған жастың комментарий оқысаң жүрегің ауырады. Жалған ақпаратқа сеніп қалған жастарымыздың санасы ұланып жатыр. Қазақ, қайда барсың?..

Калиакбар
УСЕМХАНҰЛЫ

КАНАДАҒА КӨЗ ТІКТІ

2024 жылдың соңында Трамп тағы да күтпеген мәлімдеме жасап, Канадаға АҚШ-тың 51-ші штаты болуын ұсынды. Ол Truth Social желісінде: «Егер Канада АҚШ-пен біріксе, онда ешқандай тарифтер болмас еді, салықтар айтарлықтай азайып, Ресей мен Қытай кемелерінің қауіп-қатерінен толықтай қорғалған болар еді. Біріксе, ұлы ел елге айналар еді» деп жазды. Бұл мәлімдеме Канада халқы мен билік басындағылардың арасында үлкен наразылық туғызды. Себебі оның бұл сөзін Канада жұртшылығы бір елдің егемендігіне нұқсан келтіретін ұсыныс ретінде қабылдады.

Канаданың Премьер-министрі Джастин Трюдон отставкаға кеткеннен кейін, Трамп Канадамен бірігу идеясын қайта көтерді. Трамптың айтуынша, бұл қадам канадалықтардың салықтық төлемдері мен әскери қорғанысқа кететін шығындарын айтарлықтай азайтуға ықтимал. «Неге біз жылына 100 миллион доллардан аса соманы Канадаға субсидиялаймыз? Бұл мағынасыз! Көптеген канадалық өз елдерінің 51-штат болғанын қалайды. Олар салық пен әскери қорғаныстан мол қаражат үнемдер еді. Меніңше, бұл керемет идея – 51-штат!» деп жазды Трамп. Сондай-ақ Трамп Оттава АҚШ-қа келетін мигранттар мен есірткі ағымын азайтпаса, канадалық тауарларға 25 пайыз баж салығын енгізетінін айтып ескерту де жасады. Оның бұл ойына Канаданың Онтарио провинциясының премьер-министрі Даг Форд қарсы шығып, керісінше АҚШ-тың екі штатын – Аляска мен Миннесотаны Канадаға сатсын деп астарлы әзілмен жауап қайтарды.

Канада мен Америка Құрама Штаттары (АҚШ) арасындағы шекара ұзындығы 8 891 шақырымды құрайды, бұл – әлемдегі ең ұзын халықаралық шекара. Екі елдің байланысы тарихи, экономикасы, қауіпсіздігі және мәдени аспектілер тұрғысынан ерекше маңызға ие. Екі ел де – Солтүстік Америка еркін сауда аймағының мүшесі. Оның үстіне, Канада – АҚШ-тың негізгі энергия жеткізушісі.

АРАЛҒА ДА АУЗЫН
АШТЫ

Дональд Трамп 7 қаңтарда Флоридадағы Мар-а-Лаго резиденциясында баспасөз мәслихатын өткізді. Сайлаудағы жеңісі бекітілгеннен кейін өткен осы кездесуде ол өз мақсаттарына жету үшін (Панама каналын басқаруды қайтару, Дания бақылауындағы Гренландияны иелену) әскери немесе экономикалық тетіктерді пайдалану мүмкін екенін де атап өтті. Трамп сонымен бірге Мексика шығанағының атауын Америка шығанағы деп өзгертуге уәде беріп, Мексикадан келетін тауарларға жоғары баж салығын енгізетінін мәлімдеді.

Трамптың сөзіне сенсек, Гренландияны АҚШ-тың басқаруында ұстау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет. Трамптың мәлімдемесіне түсініктеме берген АҚШ-тың қазіргі Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен бұл аса көп назар аударатын мәселе емес екенін, мүмкін емес нәрсені талқылап уақыт кетірудің қажеті жоқ екенін жеткізген. Дегенмен, Трамп арал туралы алғаш рет айтып тұрған жоқ. Оның Гренландияны сатып алу туралы мәлімдемесі 2019 жылы халықаралық жаңалықтардың басты тақырыбына айналған болатын. Биыл қайтадан сайлана салып, «Гренландия – ғажап жер. Егер ол АҚШ-қа қосылса, оның халқы үлкен пайда көреді. Біз оны сыртқы қауіпті әлемнен қорғаймыз» деп айтып, Гренландия мен Дания басшыларының қатал сынына ұшырады.

Гренландия премьер-министрі Муте Эгед Facebook-те мәлімдеме жариялап: «Гренландия – біздікі. Біз сатылмаймыз және ешқашан сатылатын болмаймыз. Біз азаттық үшін көп жылғы күресімізді жоғалтпауымыз керек. Дегенмен, біз бүкіл әлеммен, әсіресе көршілерімізбен

ӘЛЕМДІ КҮШ-ҚУАТ
БИЛЕЙ МЕ?

2016 жылы әлемдік саяси сахнаға шыққан Дональд Трамптың бұрынғы саясаткерлерден айырмашылығы дәстүрлі дипломатиялық әдістерден ауытқып, кейде ашық, кейде күтпеген қадамдарға баратыны десек қателеспейміз. Осы қасиеттері оның саясатына елеулі әсер етіп, халықаралық аренада әртүрлі реакция тудырған болатын. Араға 4 жыл салып АҚШ президенті болып қайта сайланған ол қызметіне кіріспей жатып тағы да даулы мәлімдемелер жасап үлгерді.



ынтымақтастық пен саудаға ашық болуымыз керек» деп Трамптың сөзіне ашық қарсылық білдірді. Данияның сыртқы істер министрі Ларс Локке Расмуссен «Гренландия болашақта тәуелсіз мемлекет болса болатын шығар, бірақ АҚШ құрамына кіріп, жаңа штатқа айналуы екіталай» десе, Францияның сыртқы істер министрі Жан-Ноэль Барро «кім болса да Еуроодақ өзге елдің басып кіруіне жол бермейді» деп мәлімдеді. Ал сенатор Джеймс Ланкфорд АҚШ-тың сайланған президенті Дональд Трамптың Гренландияны әскери күшпен басып алу қаупін жоққа шығарғанымен, Дания Трамптың мәлімдемесінен кейін Гренландия қорғанысын күшейтті. Ал Трамптың Өкілдер палатасындағы одақтастары Гренландияны сатып алуға рұқсат беретін заң жобасын ұсынып үлгерді.

Гренландия – әлемдегі ең үлкен арал. Ол Солтүстік Атлант және Арктика мұхиттарының арасында орналасқан. Жалпы көлемі 2,16 миллион шаршы шақырымды (аумағының 80%-дан астамын мұз жапқан) құрайтын бұл аралда 60 мыңға жуық халық бар. Дания корольдігінің автономды бөлігі саналатын арал 1979 жылы автономия мәртебесін алса, 2009 жылы өзін-өзі басқаруды кеңейту туралы шешім қабылдады. Яғни Гренландия өзін-өзі басқару құқығына ие және ішкі мәселелерін дербес шешеді, ал сыртқы саясат пен қорғаныс мәселелерін Дания жүргізеді. АҚШ-тың Гренландияда әскери базасы (Туле әскери базасы) бар. Бұл база Солтүстік Американы қорғауға арналған маңызды нысан саналады. Арал пайдалы қазбаларға бай. Мұнай, газ, мыс, темір және алтын ғана емес, сонымен қатар әлемдегі неолит сияқты сирек кездестірілген материалдар мен минералдар өте көп.

КӨКЕЙІН ТЕСКЕН КАНАЛ

«Панама каналы қайтадан АҚШ-тың қарамағына өтуі мүмкін». Күтпеген жерден осындай мәлімдеме жасаған Трамп «АҚШ Панамаға көрсеткен ерекше жомарттығын ескерсек, Панама алатын канал ақысы өте күлкілі. Біздің елді бұлай «мазақ» етуді тоқтату керек» деп айды аспаннан бір-ақ шығарды.

Оның айтуынша, Панама каналы ел экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігі тұрғысында АҚШ үшін «өте маңызды». Сондай-ақ ол Қытайдың да Панама каналын пайдаланатынына наразылық білдірді. «Президент Джимми Картер президент болғанда өзінің

ақымақтығынан оны бір долларға бере салған, оны Қытай немесе басқа біреу емес, тек Панама ғана басқара алады. Егер бұл сый-сияпатқа қатысты кезінде келісілген моральдық және заңды принциптер сақталмаса, онда біз Панама каналын толықтай әрі ешбір дау-дамайсыз қайтаруды талап етеміз» деді Трамп.

Панама каналы – Лагын Америкасының ең маңызды инфрақұрылымдық жобаларының бірі. Бұл каналдың құрылуы мен дамуына АҚШ-тың тікелей қатысы бар. 16-ғасырда еуропалықтар Панама мойнағы арқылы мұхиттарды жалғайтын жол салу идеясына қызығушылық танытқан. 1880 жылы француз инженері Фердинанд де Лессепс канал құрылысына кірісті, бірақ тропикалық аурулар мен қаржылық қиындықтардан құрылыс тоқтап қалды. 1904 жылы АҚШ Панама каналы жобасын қолға алып, оны аяқтау жұмыстарын бастады. АҚШ инженерлері технологияны жетілдіріп, 1914 жылы каналды ашты. Каналдың ашылуы Нью-Йорктен Сан-Францискоға теңіз жолын 13,000 шақырымнан 8,000 шақырымға дейін қысқартты.

Ал каналдың басқарылуына келсек, 1903 жылдан бастап канал аумағы АҚШ бақылауында болды. 1977 жылы Панама мен АҚШ арасындағы келісім бойынша, канал біртіндеп Панама еліне берілуі тиіс деп шешілді. 1999 жылы Панама каналы толықтай Панама үкіметінің бақылауына өтті.

Дональд Трамптың «Қытайдың Панама каналын бақылап отыр және Қытай әскері бұл аймақта әрекет етуде» деген мәлімдемесі оның «Америка бірінші» саясатының жалғасы болмақ. Панама мен Қытай арасында экономикалық ынтымақтастық бар екені рас, бірақ Қытайдың Панама каналына әскери бақылау орнатқаны туралы ақпарат расталмаған. 2017 жылы Панама Қытаймен дипломатиялық қатынас орнатып, Тайваньмен байланысын үзді. Қытай Панамаға ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар салды. Бұл АҚШ-тың назарын аударып, Панамадағы геосаяси жағдайды күрделендірді. Алайда Панама үкіметі каналды бақылауды өз қолында ұстайтынын және ешқандай шетелдік әскери күштің бұл аймаққа араласуына жол бермейтінін мәлімдеді. Панама президенті Хосе Рауль Мулионың «Каналды Панамадан басқа ешкім салған жоқ. Уайымдамаңыздар, канал әрдайым біздің қолымызда болады» деген мәлімдемесі оне соның айғағы.

ШЫҒАНАҚТЫ
ШЫРҒАЛАДЫ

Дональд Трамп Мексика шығанағын да «Америка Шығанағы» деп өзгертуді ұсынды. Мексика президенті бұған дереу жауап қатып, шығанақтың атын емес, Американың атын өзгертуді ұсынды. «Мексика шығанағының атын БҰҰ мойындайтыны анық. Бірақ біз неге (Солтүстік Американы. - Ред.) Мексика Америкасы деп атамасқа? Бұл жақсы естіледі, солай емес пе? Шын мәнінде, 1607 жылдан бастап Апатзинганның негізі қаланған кезде ол «Мексикалық Америка» болды» деді ол баспасөз мәслихатында Шейнбаум континенттің тарихи карталарын ұсынып.

Мексика шығанағы – энергетикалық ресурстар мен теңіз экожүйесінің күрделі аймағы. Дональд Трамп президенттік кезінде мұнай өндіруді арттыру және энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізу мақсатында Мексика шығанағында мұнай өндіруді кеңейтуге ниет білдірді. Ол Обама әкімшілігінің экологиялық шектеулерін әлсіретіп, энергетикалық компанияларға жаңа кен орындарын игеру мүмкіндігін ұсынды. Алайда бұл шешім экологиялық белсенділер мен ғалымдардың наразылығын туғызды. Мексика шығанағы мұнай өндіру салдарынан экологиялық апаттарды бірнеше рет бастан кешірген. 2010 жылғы Deepwater Horizon апаты аймақтың экожүйесіне үлкен зиян келтірді. Трамп әкімшілігінің шешімі осындай апаттардың қайталану қаупін арттырады деп сынға алынды. Мексика үкіметі де бұл аймақтағы экологиялық қауіпсіздікке алаңдаушылық білдірді. Мексика шығанағы екі елдің ортақ игілігі болғандықтан, оның ресурстарын пайдалануда халықаралық келісімдер маңызды роль атқарады.

Қысқасы, Дональд Трамптың Панама каналы, Гренландия және Мексика шығанағына қатысты мәлімдемелері оның АҚШ-тың мүддесін ашық түрде қорғап, бұл мақсатта басқа елдердің егемендігін елемейтін саясат жүргізетінін анық аңғартты. Оның үстіне, Трамптың сыртқы саясаттағы ұстанымдары, әсіресе Таяу Шығыстағы Иранмен қарым-қатынасы, аймақтық тұрақтылыққа басқаша әсер етуі ықтимал. Трамп әкімшілігі Ормуз бұғазы мен Парсы шығанағындағы кеме қатынасын қорғауға ерекше назар аударып, өңірдегі өзіне қарсы күштерге қысымды күшейтеді.

ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ГАЗАДАҒЫ
СОҒЫС

Газа секторындағы қақтығыс жақын арада тоқтауы мүмкін. Бұл туралы Қатар сыртқы істер министрі мәлімдеді.



ХАМАС пен Израиль арасындағы бітім туралы келіссөз аяқталуға жақын. Бұл Дохада өтіп жатқан келіссөздердің соңғы әрі шешуші кезеңі болмақ. Оған Египет, Қатар және АҚШ арағайындық жасауда. 2023 жылдың 7 қазанынан бастап Израильдің Газа секторына жасаған шабуылынан Палестина аумағында қаза тапқандар саны 45 553-ке жетті.

ПРЕЗИДЕНТ
ҚАМАУҒА
АЛЫНДЫ

Оңтүстік Кореяда биліктен шеттетілген президент Юн Сок Ель қамауға алынды. Желтоқсанда ол елде әскери жағдай енгізуге тырысқаннан кейін парламент оған импичмент жариялаған. Бұл Оңтүстік Кореяның тарихында биліктен шеттетілсе де, қазіргі президенттің алғаш рет тұтқындалуы.



Желтоқсан басында Юн Сок Ель парламентті бақылауға алған оппозициямен күресін жалғастыруға талпынып, елде әскери жағдай енгізбек болған. Бұдан кейін парламент оны елде «төңкеріс жасамақ болды» деп айыптап, 14 желтоқсанда оған импичмент жариялаған. Конституциялық сот оны биліктен уақытша немесе түбегейлі түрде шеттету туралы шешім әлі қабылдамаған.

ЖАЛЫН ЖАЛМАП
БАРАДЫ

Лос-Анджелестегі алапат өрт ауыздықталмай тұр. 7 қаңтардан бері 17 мың гектар жер өртке оранды. 24 адам көз жұмды. Өрттің шығуына және көлемінің кеңеюіне өңірдегі құрғақшылық пен күшті жел себеп болды.



Тілсіз жаудың салдарынан қаладағы 12 мыңдай ғимарат түгел жанып кеткен. Қазірге дейін тікелей экономикалық шығын көлемі 275 миллиард доллардан асты.



Интернеттен алынды.

«ЦИФРЛЫҚ СӨЗДІК» ҚОЙЫРТПАҚҚА АЙНАЛМАЙ МА?

«Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» деп Конституциямызға жазып, сөз жүзінде көкке көтергенімізге 40 жылға жақындаса да, мемлекет қазақ тілінде толық салтанат құра алмай отырғанын халық жиі сынайды. Дегенмен мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктету үшін мемлекет тарапынан қолданылған шара, жұмсалған қаржы тақиямызға тар келмейтіні анық.

Тек түсіндірме сөздік басып шығару ісін алып қарайық. «Қазақтың әдеби тілінің түсіндірме сөздігі» (15 томдық, 2011 жыл), осы 15 томдыққа кірген барлық сөзді қамтыған қорғасын құйғандай салмақты, 160 баспа табақ «Қазақ сөздігі», ғылымның барлық саласын қамтыған 30 томдық терминологиялық сөздік, тағысын тағы кете береді. Енді, міне, елімізде мемлекеттік тілдің цифрлық ұлттық сөздік қоры жасалып, қазақ тілінің қолданысы жүйеленетіні, тілді жасанды интеллект жолымен дамытуды көздейтін заң жобасы қаралып жатқаны белгілі болды. Пайдасы тимесе, зияны тимес деп алақайлап құп алып жатырмыз. Бірақ осы цифрлық ұлттық сөздіктің өзі қазақ тілінің көсегесін көгерте ме, жоқ «сандырақ сөздік» болып шықпай ма деген күдігімізді ортаға салғым келеді. Күдіктенуімнің себебі: жоғарыда атаған «Қазақ сөздігі» қазақ тілінің түркі текті тілдер ішіндегі ең бай тіл екенін дәлелдеген сөздік деп экс-президент алғы сөз жазып, тіл саласының доктор, академиктері аспанға көтерген еді. Алайда осы бір көлемді еңбектің өзі қазақ тілінің сөздік қорын толық қамтып, дұрыс түсіндіре алмаған еді. Өйткені бұл сөздікке он емес, жүз емес, мың, тіпті одан да көп бүгінгі қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестері кірмей қалған (туынды емес, тек түбір сөздер). Бұл да дүрдітіп айтатын кемістік емес шығар. Өйткені барлық сөздік толық қамту мүмкін емес екені де түсінікті. Ал одан сорақысы – аталмыш сөздікке дәл осындай қазақтың мыңға жуық сөзінің мағынасы теріс түсіндірілген. Жай ғана қателік емес, қазақ тілін білетін адам көз салса, күлкісі келетін мазақ, сандырақ, тіпті сайқымазақ түсіндірмелер аз емес. Сондай-ақ аталмыш сөздікте қамтылған сол 101 мың сөздің кемінде 25 пайызы шеттен кірген термин сөздер, 20 пайызы жергілікті (диалект) сөздер екенін ескерсек, кірмей қалған мың сөз бен теріс түсіндірілген мың сөз байырғы қазақ тілінің елеулі бөлігін құрайтыны шындық. Бұл 2000 сөз деп отырғанымыз – бір ғана адамның (менің) аталмыш сөздікке басқа мақсатпен зер салғанда байқаған дүниесі. Ал егер осы сөздікті сараптау мақсатында құзырлы мекемелердің тапсырмасымен талдау жүргізсе, бұдан екі есе көп сөздің кірмей қалғанын немесе теріс түсіндіргенін анықтау ғажап емес. Өкініштісі, бұл қателіктерді түзеткен дұрыс сөздік, пікір білдірген ғылыми еңбек түгілі, қателіктерге қатысты баспасөз беттерінде, ғаламторға жарияланған

“

Өкініштісі, бұл қателіктерді түзеткен дұрыс сөздік, пікір білдірген ғылыми еңбек түгілі, қателіктерге қатысты баспасөз беттерінде, ғаламторға жарияланған бірде-бір сын мақала жоқ.

Сөздік құрастырған тіл ғылымдарының доктор, профессорлары қателеседі деп ешкім ойламайды. Екіншіден, бұл қателіктер мен кемістіктер болашақта жасалатын цифрлық ұлттық сөздікке әсер ете ме, жоқ па дегенді ешкім білмейді. Егер әсер ететін болса, әттеген-ай деп артынан өкінеріміз сөзсіз. Қате түсіндірілген, қарапайымдап айтсақ сақау, қаттырақ айтсақ сайқымазақ мың сөз бар деген пікіріміздің дәлелі ретінде бірер мысал келтіре кетейік. Мәселен, аталмыш 15 томдық пен «Қазақ сөздігінде» айғыр салды – «биені қолдан қашырды», жеркөксеу – «жылқының сапарға, жолға шығар алдындағы жер тарпып жақсылық нышан білдіруі», жұмыр – «жұмыртқа сияқты жұп-жұмыр, доп-домалақ», құндақ – «өлгеннен кейін оралатын мата, кебін, көрге салу», бұтын отқа қақтау – «әбден биттеп кеткен кір киімін отқа ұстап, биттен тазартты», бұғана қабырға – «қой-ешкінің бірінші қабырғасы», мекірен (у) – «малдың төліне мейірі тускенде ыңырануы», оқыранту – «еміретіп, осықарту», саһар – «аққудың қоразы» деп түсіндірген. Әрі қарай кете береді.

Мұны бүгін неге айтып отырмыз? Жоғарыда атап өткеніміздей, жуықта жасалатын «Қазақ тілінің цифрлық ұлттық сөздігінде» бұл олқылықтардың орны толып, қателіктер түзеліп, мінсіз дүниеге қол жеткізе аламыз ба, жоқ баяғы «бытпылдық» сөздік бола ма деген күмәнмен айтып отырмыз.

Қарапайым халық, біз, «жасанды интеллекттің артықшылығы бір нәрсеге қатысты қолда бар миллиондаған, миллиардтаған деректерді қас-қағым сәтте жасанды ой елегінен

өткізіп барып сұрыптап, қорытынды жасайды, әйтпегенде жоқтан бар жасамайды» деп түсінеміз. Біздің бұл ойымыз дұрыс болса, цифрлық ұлттық сөздік қоры да философиялық заңдылыққа сай жоқтан бар жасамайды (бұрынғы сөздіктерде жоқ сөздерді ойлап тауып, қате сөздерді түзете алмайды), бұрынғы арғысы Махмұд Қашқаридің «Түрік сөздігі» мен «Кодекс куманикустен» бастап жүздеген кітаби сөздіктерге кірген сөздерді сарапқа салып, дұрысын таңдайды. Егер ондай болған жағдайда, біз атаған 15 томдық түсіндірме сөздік пен «Қазақ сөздігіндегі» жоқ сөздер кірмей қалады, күлкілі теріс түсініктер (мың сөз) түзелмейді деп ұғамыз. Бұлай ойлауымыздың бір себебі жасанды интеллект бойынша біздің елде негізгі қолданыстағы төрт нұсқаның қайсысына кіріп іздесек те, сөз мағынасына байланысты қанағатты жауап ала алмаймыз. Төрт нұсқаның қайсысы тиімді екенін сұрасаңыз «Microsoft Copilot» пен «ChatGPT 4» екеуін ұсынады немесе «егер сізге жалпы мақсаттағы тілдік модель қажет болса, «ChatGPT 4» жақсы нұсқа болады» деп жауап береді. Бірақ бұл нұсқалар болмағанда «өтіріктің өзіне сенбесең де, ебіне сен» дегендей, көңілге қонымды жауап берудің орнына дөйдалаға сөйлейді.

Мәселен, жазушы А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесіндегі «Басы құйма күміс, керсенін үш елі көкпазбен қаусырған қоқан ер көзіме оттай басылды» деген сөйлеміндегі «көкпаз» сөзінің мағынасын сұрасаңыз: «көкпаз – ердің қаңқасын құрайтын, бекітетін, жалғастыратын металл бөлшек, тұтқа» деген жауап аласыз. «Керсені көкпазбен қаусырылған» деп анық айтып тұрса, «ердің қаңқасын құрайтын» деп айдалаға кетеді. Қаңқа қайда, керсені қайда?! Демек, шетелдің жасаған жасанды интеллекті қазақ тілінің көсегесін көгертпейді. Сондықтан өзіміздің ғалымдар жасаған жасанды интеллектті дамытуға және оның тілдік моделін барынша молайтуға күш салған жөн. Осы тұрғыдан алғанда, Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институтының KAZ-LLM жобасынан күтеріміз мол. Егер осы сияқты қазақ тіліндегі деректермен байытылған жасанды интеллект болмаса, ChatGPT қазақ тілінің қажетінен шыға алмайды. Осы мәселе цифрлық ұлттық сөздік қорын жасаушылардың қаперінде болса дейміз.

Бодахан ТОҚАНҰЛЫ,
журналист,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

АРАЛАС ТІЛДЕН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Өнердің бір саласы кино – бұл, ең алдымен, идеология. Кино өнері бұл тек фильмдер өндірісі ғана емес, ол – кез келген ұлттың бет-бейнесі, өмір сүру салты мен ойлау жүйесі, ұлттық мәдениеттің жаршысы. Бүгінде қаласақ та, қаламасақ та кітапқа, мерзімді баспасөзге қарағанда әлеуметті қамтуы жағынан киноның әлеуеті жоғары болып отыр. Киноның осындай көпшілік сипатынан оның адамның сана-сезіміне, психологиясына, ой-өрісі мен дүниетанымына әсер ету қарқынын көреміз. Демек, кино дұрыс мақсатта пайдаланылса, ұлтты біріктіретін құралға, бұрыс мақсатта атом бомбасынан да қатерлі қаруға айналатыны сөзсіз. Сол себепті ұлттық кино өнеріне, оның ішінде қазақ киносының тіліне бей-жай қарауға болмайды.

Қазақ тіліндегі киноның тілі көркем, шұрайлы, ана тіліміздегі сөз саптаудың үлгісін көрсететіндей дұрыс болуы тиіс. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде қазақ фильмдері осы талапқа жауап берген еді. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда қазақ киносының тілі туралы жағымсыз сыни пікірлер де, қарсылыққа толы ашу-ыза да белең алды. Қазіргі қазақ киносында тіл мәселесі тым өзекті мәселеге айналууда. Атауы қазақша болғанымен кейіпкерлері таза қазақ тілінде сөйлемейтін, жеңіл әзіл мен арзан күлкіге, анайы сөздерге құрылған, тілі алашұбар, азғындыққа толы фильмдердің көбеюі қалыпты жағдайға айналғаны өте қауіпті. Бұл үрдіс осылай жалғаса берген жағдайда, таяу уақытта қазақ тілінде түсірілген киноны таппай қалуымыз да мүмкін.

Осыған байланысты қазіргі қазақ киноларындағы қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуын, жаргондар мен сленгтердің жиі кездесуін көрермендердің бір тобы реалистік көрініс ретінде қабылдаса, енді бір тобына қазақ тілінің тазалығын бұзатындай әсер қалдырады. Мұндағы соңғы топтың алаңдауы мен жанаңқайы өте орынды. Өйткені көптеген кино және телебағдарламадағы жаргон, сленг және аралас тіл (қазақ-орыс) қолданыстары жастардың сөйлеу тілінде көрініс тауып, қазақ тілінің бірегейлігі мен тазалығына кері әсер етуде. Мұндай жағымсыз әсерлер қазақ тілін үйренуге талпаңтанған басқа да тұлғалардың тілдік дағдыларына теріс ықпал етеді.

Сонымен бірге, қазіргі қазақ киносында қолданылып жатқан «аралас тіл» әлеуметтік лингвистика саласында тілдік араласулардың бір түрі ретінде қарастырылады



Қазіргі қазақ киносының ұлттық сипат алуына, ұлттық дүниетанымыды танытуына және ұлттық мәдениет пен ұлттық тілдің кең құлаш жаюына тәуелсіз елімізде еш кедергі жоқ. Алайда солай бола тұра таза қазақ тілінде жазылмаған, шетелдік жат ұғымдағы сценарийден түсірілген, көркемдік деңгейі ұлттық танымсызбен сәйкеспейтін, жат мәдениеттің кодымен «сөйлейтін», кейіпкерінің аты мен түрінен басқа қазақтың өзі жоқ «көркем фильмдер» өскелең ұрпақтың рухани талғамына кері әсер етуде. Әсіресе, орынсыз айтылған олқы сөздер ой-санаға сіңіп жатқаны жалған емес. Қиынсыз сөз қасиетті тілімізді қорлап жатқандай көрінеді. Ұлттық мәселелерді шешу мақсатында мұндай қалыбы қисық әрекеттерге тыйым салатын мезгіл жеткен сияқты. Өркениетті елдерде ұлт мәртебесімен және халықаралық беделімен үнемі бірге қарастырылатын тіл тазалығы үшін күрес тіл мәдениеті үшін де күрес екені белгілі.

Ұлттық танымды көрсететін көркемдік құрал болумен қатар, бүгінгі қазақ киносының тілі қазіргі заманғы сөйлесім түрлерін бейнелейтін өмір айнасы да болып отыр.

және бұл үдерістер нақты әлеуметтік-мәдени факторлар әсерінен туындайды. Белгілі бір жағдайпен ғана шектелген коммуникативтік қызмет атқаратын қосалқы тіл сөйлеушілердің ешқайсысына ана тілі емес. Тарихта оған мысалдар жеткілікті.

